



БАКУ мен ЕРЕВАН

бейбіт келісімге
маңызды қадам жасады

2

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №72 (6634) 12 тамыз, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

А.ҚҰНАНБАЙҰЛЫ – 180

«АЛАШТЫҢ АБАЙЫ»

Алматыда театрландырылған концерттік қойылым өтті



- Қазақ халқының ұлы ақыны, ойшылы әрі ағартушысы Абай Құнанбайұлының туған күніне орай Алматыда бірқатар рухани-мәдени іс-шаралар өтіп жатыр.
- Айтулы күндегі іс-шаралар легі Абай ескерткішіне тағзым етіп, гүл шоқтарын қоядан басталды. Абай алаңына 5000-ға жуық адам жиналып, хакімнің әнін шырқады. Дәстүрлі іс-шара қала орталығындағы Абай алаңында ұйымдастырылды.

Іс-шараға зиялы қауым өкілдері, қала әкімдігі, мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, белсенді жастар мен қала тұрғындары қатысты. Жиналған қауым ақын рухына тағзым етіп, ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕКОВ.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

Бірыңғай тәсіл:

СӘУЛЕТТІК СТАНДАРТТЫ САҚТАУ –

қаланың үйлесімді келбетін қалыптастырады

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды аудан әкімдігі, тиісті басқармалар, коммуналдық қызмет пен бағынысты ұйымдар өкілдерінің қатысуымен Әуезов ауданында кеңес өткізді.

Әуезов ауданы – мегаполистің халық ең тығыз қоныстанған аумақтарының бірі, мұндағы тұрғын үйлердің көпшілігі кеңес дәуірінде салынған. 2025 жылы мұнда 37 көпқабатты үйдің қасбеті күрделі жөндеуден өтпек. Алматы қаласының әкімі тұжырымдағандай, жұмыстарды жүргізу кезінде бірыңғай сәулеттік стандартты сақтау маңызды, бұл қаланың үйлесімді келбетін қалыптастыруға ықпал етеді. «Бүкіл қалаға қолдануға болатын шешім қабылдауымыз қажет. Қазір Алматының сегіз ауданында әкімдер жобаларды өз бетінше жүзеге асырып жатыр. Бізге бірыңғай тәсіл керек», – деді Дархан Сатыбалды.

Негізгі мәселелердің бірі – «Сайран» автобекеті мен «Саг City» сауда орталығы маңындағы жағдай. Мұнда жекеменшік таксилердің тұрақты жиналуы тұрғындардың наразылығын туғызып, шу, санитарлық талаптардың сақталмауы және кешкі мезгілде қауіпсіздіктің төмендеуі сынды мәселелерге себеп болып отыр. Шаһар басшысы аудандық полиция басқармасына патрульдеу жұмысын күшейтіп, аталған нысандардың маңындағы тәртіпті реттеуді тапсырды.





Сондай-ақ, Әуезов ауданында қоғамдық кеңістіктерді дамыту міндеті тұр. Аумақта саябақ пен скверлер тапшылығы туындап отыр. Бүгінде бір ғана жекеменшік саябақ жұмыс істейді. Тиісті басқармалармен бірлесіп, саябақтар мен жасыл желектерді көбейту жобалары қарастырылуда. Инженерлік инфрақұрылым құрылысы, тарату жылу желілерін қайта жаңғырту, сыртқы жарықтандыру желілерін жаңарту жалғасып, көптеп ағаш отырғызу мен аулаларды кешенді абаттандыру жұмыстары қолға алынған. «Ауданды дамыту керек. Тұрғындар жүзеге асқан жобаны көріп, бағалауға тиіс. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі кемін-

де 15 жыл сақталып, бұл мерзім ішінде қайта жөндеу қажеттілігі тұмауы керек», – деді Дархан Сатыбалды.

Кеңес аясында шаһар басшысы Әуезов ауданы тұрғындарын жеке қабылдады. Мемлекеттік бағдарлама аясында шатырларды күрделі жөндеу, мемлекеттік жалдамалы тұрғын үй беру, сондай-ақ, инклюзия, жұмыспен қамту, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау және атаулы әлеуметтік көмек алу мәселелері талқыланды. Тұрғындарға түсініктеме беріліп, әрбір өтініш бойынша нақты іс-шаралар мен орындау мерзімі белгіленді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



9 772223 237006



САРАПТАМА

БАКУ мен ЕРЕВАН

бейбіт келісімге маңызды қадам жасады

8 тамызда Вашингтонда Әзербайжан мен Армения бейбіт келісімге қол қойды. Осылайша 30 жылдық тарихы бар қақтығысты реттеуге маңызды қадам жасалды. Әзербайжан мен Армения арасындағы қақтығысты бейбіт жолмен реттеу туралы тарихи декларация АҚШ президенті Д.Трамппың араласуымен жасалды. Бірақ бұл Таулы Қарабақ мәселесі толық шешімін тапты дегенді білдірмейді. Себебі, бейбіт келісім-шартқа қол қойылған жоқ. Дегенмен, декларация екі елдің қарым-қатынасын әрі қарай реттеуге жол ашады.

Екіжақты байланыс жақсаруы мүмкін

Әзербайжан мен Армения басшылары АҚШ-қа келіссөзге баратыны туралы ақпарат 5 тамызда тарады. Ақпаратты Washington Post басылымы бірінші берді. Ал 8 тамызда Ильхам Алиев пен Николь Пашинян АҚШ президенті Дональд Трамппен кездесіп, қақтығысты бейбіт жолмен реттеу туралы декларацияға қол қойды. Декларация қақтығысты толық реттемесе де, бейбіт келісім-шарт жасауға маңызды қадам болып саналады. Қос тарап бейбіт келісім-шарт мәтінін биыл сәуір айында келіскенін жариялаған болатын. Бірақ оған әлі қол қойылмады.

Құжатта не жазылған? Баку мен Ереванның ұстанымдары толық ескерілді ме? Трамппың сөзіне қарағанда, декларацияда екі мемлекет әскери әрекеттерді тоқтатуға, дипломатиялық байланысты ашуға және бір-бірінің аумақтық



(Депеккөз: Reuters.com).

тұтастығын құрметтеуге келіскен. 2020 жылы 27 қыркүйек және 10 қараша аралығында Екінші Қарабақ соғысы болды. Соғыс аяқталғасын ресми түрде әскери әрекеттер тоқтатылған. Алайда, шекарашылар арасында қақтығыстар болған. Осы құжатқа қол қою арқылы локалды әскери әрекеттерді болдырмау көзделіп отыр.

Баку мен Ереван арасында дипломатиялық байланыс Бірінші Қарабақ соғысынан бері нашар еді. 2020 жылы одан да нашарлай түсті. Дегенмен, қос тарап дипломатиялық байланысты толық үзген емес. Бұл декларация екі мемлекеттің байланысын ары қарай нығайтуы мүмкін. Тіпті, биыл бейбіт келісім-шарт жасалса, таңқалмаймыз. Себебі, 2026 жылы Арменияда Парламент сайлауы өтеді. Онда Пашинянның партиясы жеңіске жетпеуі де ықтимал. Сондықтан қос тарап ертерек келісімге келуге тырысады.

Трамппың Нобель сыйлығын алуды көздеп отыр

Д.Трамппың билікке келгелі бері сыртқы саясатта белсенді әрекет етуде. Ол тек салық соғысын ғана емес, аймақтық қақтығыстарды да реттеумен айналысып келеді. Мысалы, Пәкістан мен Үндістан, Руанда мен Конго, Камбоджа мен Тайланд арасындағы қақтығыстарды реттеуге атсалысты. Алайда, 24 сағатта Украина мен Ресей жанжалын реттеймін деген мәлімдемесін орындай алмады. Бірақ соған қарамастан, түрлі жанжалдарды табысты реттеуде.

Трамппың қақтығыстарды реттеуге белсенді араласуының астарында жеке амбициясы бар секілді. Мұны Алиев пен Пашинянның декларацияны қол қойғаннан кейінгі мәлімдемелерінен байқауға болады. Олар АҚШ президентіне еңбегі үшін алғыс айтып, бейбітшілік саласында Нобель сыйлығына ұсынаты-

нын мәлімдеді. Демек, Трамп Нобель сыйлығын алуды көздеп отыр. Бұған дейін АҚШ президенттерінен бейбітшілік саласында Нобель сыйлығын Т.Рузвельт, В.Вильсон, Дж.Картер, Б.Обама алған.

АҚШ да олжалы болды

Декларацияда АҚШ-тың да мүддесі ескерілген. Вашингтон Оңтүстік Кавказ аймағындағы маңызды транзиттік жол – Зангезур дәлізіне экономикалық тұрғыда ықпалын арттырды. Енді америкалық компаниялар кәсіпкерлікпен айналыса алады. Келісімге сәйкес, бұл дәліз арқылы энергия және өзге де ресурстар тасымалданады. Бұл Қазақстанға да тиімді. Транскаспий орта жолы арқылы Еуропаға мұнай тасымалы артпақ.

Сондай-ақ, Трамппың сөзінше АҚШ екі мемлекетпен жеке келісімге қол қойған. Оған сәйкес энергетика, сауда және технология, жасанды интеллект саласында қос тараппен де байланыс нығаймақ. Бірақ инвестиция көлемі, АҚШ қандай технологиямен бөлісетіні туралы нақты ақпарат берілмеген.

Бұдан бөлек, Трамп АҚШ пен Әзербайжан арасында әскери байланыс орнатуға кедергі келтірген құжаттың күші жойылғанын хабарлады. 1992 жылы АҚШ Конгресі 907-бөлім атты заң қабылдаған. Бұл норма Әзербайжанға АҚШ тарапынан тікелей мемлекеттік көмек, соның ішінде әскери көмек беруге тікелей тыйым салған. Мұндай шектеуді енгізуге себеп ретінде Таулы Қарабақ қақтығысы кезінде Әзербайжанның Арменияға қарсы әрекеттері мен армян халқының қауіпсіздігіне байланысты алаңдаушылықтар көрсетілген. Аталмыш норманың күшінің жойылуы Вашингтон мен Баку арасындағы әскери байланысты нығайтады.

Қорыта айтқанда, Әзербайжан мен Армения арасындағы қақтығысты бейбіт жолмен реттеу туралы декларация тарихи құжат болып саналады. Онда Баку мен Ереванның ғана емес, Вашингтон мен Трамппың да мүдделері ескерілген.

Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.



ТҰРҒЫН ҮЙ

ЖАУАПКЕРШІЛІК КҮШЕЙЕДІ

Наурызбай ауданы Әкімдігінде тұрғын үй шаруашылығын дамыту мәселелері бойынша жиын өтті. Жиында көппәтерлі және көпқабатты тұрғын үйлерді басқару жүйесінде елеулі өзгерістер болатыны айтылды.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлік және экспорттық-кредиттік агенттіктің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды.

Бұған дейін қолданылып келген қарапайым серіктестік нысаны жойылды. Енді тек екі басқару түрі қалады: Мүлік иелері бірлестігі (МИБ), Тікелей бірлесіп басқару (ТББ). Пәтер иелері кооперативтерінің (ПИК) мәртебесі басқару субъектісі ретінде танылып, басқарушы компаниялармен теңестіріледі. Олар МИБ-пен шарт негізінде немесе тұрғындардың жалпы жиналысы хаттамасына сәйкес жұмыс істейді.

Әрбір үй үшін жеке банктік шот ашу міндеттеледі. Шот ашу және есеп беру мерзімдерін бұз-



Суретті түсірген С.ҚҰСАЙЫНОВ.

ғандарға жауапкершілік күшейтіледі. МИБ, ПИК және басқарушы компаниялар үйдің ортақ мүлкін басқару мен күтіп-ұстау қызметтерін қатар атқара алады.

Жалпы жиналыс өткізбей-ақ, электронды дауыс беру немесе жазбаша сауалнама арқылы шешім қабылдауға мүмкіндік беріледі. Тұрғын үй заңнамасын бұзған басқарушы тұлғаларға жеке әкімшілік жауапкершілік енгізіледі.

Бұл өзгерістер тек тұрғын үй заңнамасына ғана емес, сонымен бірге Жер, Кәсіпкерлік, Азаматтық іс жүргізу, Әлеуметтік және Су кодекстеріне, сондай-ақ 23 заңға түзетулер енгізуді қамтиды. Жекелеген түзетулер салықтық әкімшілендіру және жаппай декларациялаудан бас тарту мәселелеріне қатысты.

Жаңа заң көппәтерлі тұрғын үйлерді басқаруда тиімділікті, ашықтықты және жауапкершілікті арттырып, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған.

– Жуырда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы бірқатар нормативтік актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл заң 15 қыркүйектен бастап күшіне енеді. Жаңа ережелер тұрғындардың өз үйлерін басқаруға белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, пәтер иелері кооперативтері (ПИК) де жұмысын жалғастыра отырып, жаңа форматта қызмет атқарады, – деді Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасының өкілі Жандос Маратұлы.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

«ЖІБЕК ЖОЛЫ» БАЗАРЫ: модернизация жасалады

Алатау ауданында орналасқан «Жібек жолы» базары аумағына модернизация жасалады. Осылайша заманауи форматқа лайықты автоқызмет орталықтары салынатын болады.



Суретті түсірген С.ҚҰСАЙЫНОВ.

Базар аумағындағы болашақ өзгерістерге қатысты арнайы баспасөз-туры ұйымдастырылды. Оған Алатау мен Бостандық ауданы бойынша Қала құрылысын бақылау басқармасының, Кәсіпкерлік және инвестиция басқармасының өкілдері, базар әкімшілігі, кәсіпкерлер қатысты.

Жиын барысында базардың заңсыз салынған, қазіргі заманғы техникалық, әлеуметтік талаптарға сай келмейтін орындары сүріліп, орнына жаңадан автобөлшектер, автосервис, темір-терсек сауда нысандарының құрылысы қолға алынады.

– Бұл базарға директор болып келгеніме 4 ай болды. Базардың көптеген сұрақтарын шешіп, ретке келтіруге жұмыс істеп келеміз. Бүкіл базар сүрілмейді. Сот шешімі бойынша рұқсат қағазы жоқ, заңдастырылмаған 30 ТЖО нысаны бұзылу керек екен. Біз осы автоорталықтардың жұмысшылары жұмыссыз қалмасын деп, аталған орындарды заңдастыруға, дұрыс ретке келтіруге, жаңа заманғы форматқа лайықтап соғуға уақыт сұрап, осы мәселе бойынша жұмыс істеудеміз, – деді «Жібек жолы» базарының басшысы Құлмаханбет Азамат.

Алматы қала құрылысы бақылау басқармасының Алатау ауданы бөлім басшысы Әлібек Ерланұлы мәселенің мән-жайын егжей-тегжей түсіндіріп берді. «Жібек жолы» базарына 2023 жылы жоспардан тыс тексеру жүргізілген. Сол жолғы тексеріс барысында 30 заңсыз құрылыс анықталды. Оларға әкімшілік шара қолданылып, нұсқама берілді. Нұсқаманы уақытында орындамаған себептен, біз мәжбүрлі бұзу туралы сотқа жүгіндік. Қазіргі таңда осы аталған нысандар сүрілуі қажет», – деді ол.

О.МҰРАТБЕКҰЛЫ



ТУРИЗМ

ТАУ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

Табиғат аясына шыққан әр адам таудың қатал заңын ұмытпауы тиіс

Саф ауа. Тұмса табиғат. Көк тіреген биік шыңдар. Жаз айлары бастала салысымен Алматы тауларындағы осындай әсем көріністі тамашалауға асығатынымыз рас. Десек те, таудың қатал мінезін, дала заңдылығын естен шығармау керек. Кейінгі кездері тауға шығып адасып кеткен, қайғылы оқиғаға тап болған жағдайлар жиі тіркеліп кетті.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Өткен айдың соңында тауға кетіп, із-түзсіз жоғалған алматылық 20 жастағы студент өлі табылды. Жексенбі күні таңда үйінен шығып кеткен марқұм бұрыннан тауға шығуды ұнатады екен, яғни тәжірибесі бар. Араға екі күн салып құтқарушылар «Жастар» шыңынан жас жігіттің денесін тапты. Алматы тауларына шығу талайға бұйырғанымен, одан аман-есен түсу бәрінің бірдей қолынан келмейді. Дәл осыған ұқсас жағдай шілде айының басында да болған еді. Шілденің 2-сі күні тауға шығып, жоғалып кеткен студенттің денесін құтқарушылар 9 күннен кейін тапты.

Ауа райының күрт өзгеруі, тауға дайындықсыз шығу, қауіпсіздік ережелерін сақтамау адам өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан табиғат аясына шыққан әр адам таудың қатал заңын ұмытпауы тиіс.

Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, жыл басынан бері ТЖМ құтқарушылары 179 рет шақыртуға шыққан, іздестіру жұмыстары нәтижесінде 258 адам құтқарылды, 6 адам қайтыс болды.

Әр демалыс күні тауға шығуды әдетке айналдырған алматылық кейіпкеріміз Гүлнәз басынан өткен оқиғаны айтып берді. «*Быттыр маусым айының соңында құрбым екеуіміз таңғы салқынмен тауға шыққанбыз. Тауға жетеміз дегенше, күн қатты ысып кетті. Межелі жерімізге жеткеніміз сол еді, табанасты тұман пайда болды да, жаңбыр аралас бұршақ жауды. Тау жоталарының арасымен біраз жүрдік те, әрі қарай қайда барып, не істерімізді білмей, әп-сәтте абдырап қалдық. Үстіміз су болып, қалтырап тоңа бастадық. Тауға шығуда тәжірибеміз аз болғандықтан, оның үстіне дайындықтың жоқтығынан осындай жағдайға тап болдық. Бес минуттан кейін сол маңнан 3-4 адамды көріп қалып, төменге бірге түстік. Тауға шыққаннан гөрі, түсу қиын екен. Сол күні біз үлкен сабақ алдық.*



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Тауға дайындалмай шыға салмау керек», – дейді ол.

Құтқарушылардың айтуынша, кейінгі кездері жоғалып кеткен немесе қайғылы оқиғаға тап болғандардың көбі тауға жалғыз немесе дайындықсыз шыққан азаматтар. Көбі тауға көппен, яғни арнайы турлармен шығудың қауіпсіз екенін айтады. Қазір Алматыда тауға шығатын турларды ұйымдастыратын туристік компаниялар көбейген. Олар әлеуметтік желілердегі парақшаларында таудың ғажайып көріністерін, шыңдардың сұлулығын әдемі суреттермен, бейнероликтермен жарнамалайды. Алайда, көбіне сол жерге жеткенше жүріп өтетін жолдың қиындығын, тас жолдарды ашып көрсетпейді. Көрінісі керемет болғанымен, жолдың өзі кейде қиын әрі қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауды қажет етеді. Тауға шыққысы келетін жандардың көбі табиғаттың әсемдігін көргісі келіп барады, бірақ жолдағы қиындықтарға дайын болмай шығады. Сондықтан тауға шығарда тек әлеуметтік желідегі әдемі видеоларға емес, нақты бағыт пен жолдың күрделілігіне де назар аударған дұрыс. Өйткені, тау – күтпеген тосын сыйларға толы тылсым әлем. Топпен шыққанда әрбір саяхаттаушы жауапкершілікті сезінеді, әрі күтпеген жағдайда бір-біріне

қолдау көрсете алады. Әсіресе, ауа райы күрт өзгергенде немесе денсаулыққа қатысты мәселе туындағанда аса маңызды.

Алматыда тұрып жатқанына екі жылдай болған Диана Сапарбайқызы қазір тауға тур ұйымдастыратын компанияда гид болып жұмыс істейді. Туған жері – Шымкент. Ол Алматыға осы өңірдің биік шыңдарын бағындыру мақсатында арнайы келгенін айтады. Қазір Диана саяхаттаушылармен бірге топ бастап, гид ретінде өзгелерге де жол көрсетіп жүр. Осы арқылы ол туризм саласында тәжірибе жинап қана қоймай, тау шыңына қауіпсіз жолдармен шығуды үйретіп жүр.

• Тауға шығу – рухани демалыс. Кейінгі 2-3 жылда тауға шығу трендке айналды. Таудың таза ауа-сымен тыныстап, табиғат аясында серуендеу жанға да, тәнге де ерекше күш береді. Қаншалықты әдемі болса, соншалықты қауіпті. Сол үшін таудың қателікті кешірмейтінін әрдайым есте сақтау керек. Тауға жарнама жасап, соған баруға үгіттейтін адамдар тау мәдениеті мен ондағы қауіптер туралы да айтуға міндетті. Десек те, таудағы кез келген оқыс оқиғаға адамның өзі ғана жауапты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Диана САПАРБАЙҚЫЗЫ, гид:

Топпен жүрген әрдайым қауіпсіз

Шымкенттің тауларына шығып үйренгеннен кейін, енді Алматының тауларын бағындырсам деп келдім. Негізі Алматыға келудегі басты мақсатым – тауға шығу болатын. Бастапқыда жаныма 3-4 қыз ертіп шығатынымын, қазір гид болып жұмыс істеймін.

Иә, көп адам әлеуметтік желідегі әдемі фото мен видеоларды көріп қызығып, бірден тауға шыққысы келеді. Бірақ Алматының таулары әдемі болғанымен, қауіпті. Әсіресе, жаңбырлы күндері қауіп екі есеге артады. Ең қауіпті аймақ – шыңдар. Өйткені, таудың шыңына жету үшін тастармен өрмелеп шығу керек болады. Көптеген таулы аймақтарда ұялы байланыс нашар, сол себепті төтенше жағдай болса, туристер көмекке хабарласа алмай қалуы мүмкін. Сондықтан тауға шығамын деушілерге аз-кем кеңесім бар. Тауға жолдың ұзақтығы, биіктігі мен ауа райы туралы нақты ақпаратты біліп, өз мүмкіндігіңді бағалап барған абзал. Өз басым тауға арнайы турлармен, тәжірибелі гидтермен шығуды ұсынамын. Мұндай турларда бағыт алдын ала мұқият дайындалады, ауа райы болжамы ескеріледі, қажет жағдайда қосымша құрал-жабдықтарды аламыз. Тауға шықпас бұрын міндетті түрде нақты маршрут жоспарлау керек: қай бағытпен жүресің, қай жерде тоқтайсың, қашан ораласың – соның бәрін алдын ала белгілеген дұрыс. Сонымен қатар, қайда бара жатқаныңды және қашан қайтатыныңды жақындарыңа міндетті түрде хабарлаған жөн.

Тауда ең басты ереже – жалғыз шықпау деп ойлаймын. Топпен жүрген әрдайым қауіпсіз болады. Белгіленген жолдан шықпаған жөн, себебі қысқа жол көбіне ең қауіпті жол болып шығады. Сондай-ақ, табиғатты құрметтеп, қоқыс қалдықтарын тастамау керек. Шаршағанда міндетті түрде тоқтап, демалған дұрыс. Гид болу – үлкен жауапкершілікті талап етеді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

СУ – ТІЛСІЗ ЖАУ

«Сайранға» барсаңыз, сақ болыңыз!



Рая
ЕСКЕНДІР

Біз көбіне судың пайдасымен қатар, қауіпінің де барын ескере бермейміз. Су – тілсіз жау. Қалалықтардың ең көп қыдыратын демалыс орыны – «Сайран» көлінің жағасы. Бұл маңда қала тұрғындары таңның атысынан бастап, түннің бір уағына дейін қыдырады. Әттең-айы, судың жағасы жанға жайлы болғанымен, кейде оның тыныштығын өзіміз бұзып жатамыз.

«Сайран» су қоймасын абаттандыру жұмысы қала әкімдігінің ең ауқымды әрі қымбат жобалардың бірі. Қолға алынған жоба әлі толық аяқталмаса да, бұл маңда кісінің қарасы қалың. Тиісті сала өкілдерінің айтуынша, жағажай аймақтарын абаттандыру үшін көп уақыт пен көп қаражат жұмсалған.

Жалпы, «Сайран» көпшілік шомылуға дайын емес. Соған қарамастан, қала тұрғындары суға түсіп, өз өмірлеріне қауіп төндіріп отыр. Осындай жағдайдан кейін қалалық әкімдік шомылуға қатаң тыйым салды. Әсіресе, мұндай шешімді қабылдауға осы жылғы маусым айында екі адамның суға батып кетуі түрткі болып отыр. Бұған қоса, мұндағы судың сапасы да күмән тудырып, мәселе туындаған көрінеді. Осы мә-

селеге байланысты Алматы қаласы Қоғамдық кеңестіктерді дамыту басқармасы «Сайран» су қоймасындағы судың сапасы санитарлық талаптарға сәйкес келмейтінін хабарласа, іле-шала Алматы қаласының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті «Сайран» көлінің суынан сынама алып, зерттеу жүргізді.

Көп ұзамай, «Сайрандағы» су құрамының санитарлық-гигиеналық нормаларға сай келмейтіні анықталды. Қазіргі таңда басқарма өкілдері «Сайран» көлінде шомылуға тыйым салып, жағажай аумағы жабылғанын хабарлады. Сонымен қатар, маусым айында «Сайранда» екі адамның қаза табуы бойынша да қауіпсіздік жұмыстары жүргізілген. Қазіргі таңда су қоймасы жағалауына арнайы қоршаулар орнатылып, «Шомылуға тыйым салынады» деген ескерту белгілері қойылған. Сондай-ақ, Алматы ТЖД және аудандық полициямен бірлесіп, халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ережемен таныстыру жұмыстарын жүргізіп жатыр.



БРИФИНГ

ҚАЛА КҮРЕТАМЫРЫ:

Алматыда инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары жүйелі жүргізілуде

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында қаланың инженерлік инфрақұрылымын жаңғырту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға арналған баспасөз конференциясы болып өтті.



Ернұр
РЫСБАЙ

Алматының Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Нұрбақыт Серікбай сумен жабдықтау, жылумен қамту, электрмен жабдықтау, газдандыру мен көше жарығына қатысты қолға алынған негізгі жобалар жайлы айтып берді.

Алматы суды алты жер мен жерасты су ұңғысынан алады. Қуаттылығы 1,3 млн. м³ болғанымен, қала бір тәулікте 700 мың м³ су тұтынады. 2024 жылы соған байланысты 294,3 шақырымдық жаңа су құбыры тартылып, 51,5 шақырым ескі желі жаңғыртылған. Осылайша құбырдың тозу деңгейі 53,8%-дан 52,8%-ға дейін бәсеңдеп, орталықтанған сумен қамту да 99,6%-ға жетті.

2025 жылдың соңына дейін тағы 260 шақырым су желісін салу жоспарланып отыр, бұл қамтуды 99,9%-ға дейін арттырып, тозуды 52,2%-ға дейін азайтпақ. Сонымен қатар, тәулігіне 90 мың м² қуаттылыққа ие «Ақсай», «Ерменсай» су ұңғымаларының құрылысы жүріп, «Барлық» жобаланып жатыр.

Қалада 8,9 мың шақырым электр желісі бар, оның 64,5%-ы жаңартуды қажет етіп тұр. 2025 жылы 123 шақырым желі жаңғыртылады. Жаңа шағынаудандар (Кеңсай, «Кең жыра», «ИТП» АЭА және т.б.) электрмен қамтылып жатыр. Қаладағы газ желісінің ұзындығы – 6,3 мың шақырым, оның да 36%-ы тозған. Биыл 31,7 шақырым желі жаңғыртылып, оның 21,1 шақырымы (67%) жасалып бітіпті. Сөйтіп, жеке сектордың 99,4%-ы газбен қамтылған.

«Жұмысты жүйелі түрде кезең-кезеңімен, Мемлекет басшысы нұсқаған басымдықты ескере отырып жүргізіп жатырмыз», – деді Нұрбақыт Серікбай.

ЖАСЫЛ ҚАЛА

Алматыда Баум тоғайының жаңа жобасы таныстырылды. Биыл Алматының басты орманы – Баум тоғайында жаңғырту жұмыстары жүргізіледі. Жобаны әзірлеушілердің бірі – Азамат Жұмабековтың айтуынша, қауіпсіздік пен жарықтандыруға ерекше назар аударылады.



Досбол
АТАЖАН

– Мұндағы басты мәселе – қауіпсіздік және жарықтандыру мәселесі. Соны ескере отырып, жобаны әзірлегенде осы сұрақтарға аса мән бердік. Болашақта жаяу жүргіншілер жолдары толық жарықтандырылады және полиция бекеттері орнатылады. Сондай-ақ, Тоғай аумағында арық жүйесі бар, бірақ автосуару жоқ. Сондықтан арықтарды жаңартып, автосуару жүйесін іске қосуды жоспарлап отырмыз, – дейді маман.

Сондай-ақ, ол тоғайдағы жасыл желектің жағдайына тоқталып өтті.

–Тоғай аумағында ағаштардың 40 пайызға жуығы құраған, оларды кесу қажет. Оларды сұрыптаудан өткізбесек, ауру олардың қасындағы жасыл желекке жұғуы мүмкін. Еліміздегі заң бойын-

ша әр кесілген ағаштың орнына 10 тал егеміз, – деді Азамат Жұмабеков.

Ал Алматы қаласының даму орталығындағы урбанистика орталығының сарапшысы Таня Ливинская жобаның ерекшеліктерін атап өтті. Оның айтуынша, «бұған дейін Баум тоғайында реконструкция жүргізілген жоқ. Бірнеше жыл бұрын қолайлы жағдай жасау үшін шағын ғана жұмыс атқарылды: жол көрсету белгілері орнатылды, қоқыс жәшік-

тері қойылды және орындықтар орнатылды. Ал жаңа жоба бойынша бүкіл орман аумағы қамтылады. Тоғайдың әр тұсында балалар алаңдарын құру, сондай-ақ ит серуендетуге арналған алаңдарды жабдықтау көзделген. Өйткені, бұл тұрғындардың сұраныстарының бірі болды. Сонымен қатар, тыныш демалысқа арналған және белсенді жүгіруге, велосипедпен жүруге арналған бірнеше аймақ құрылады».

БЕЛСЕНДІЛІК ОРТАЛЫҚТАРЫ

ардагерлер мен зейнеткерлерге қамқорлық жасауға бағытталған

Қазіргі таңда еліміз бойынша «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтары қариялардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған бастамаларды жүйелі жолға қойып, осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыруда.



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының басшысы Сәуле Бекетаеваның айтуынша, ардагерлер мен зейнеткерлерге қамқорлық жасау, олардың шығармашылық және әлеуметтік өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ пайдалы бос уақытты ұйымдастыру – әлеуметтік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі.

Орталық басшысы Қазақстан тарихында тұңғыш рет орташа өмір сүру ұзақтығы рекордтық көрсеткішке жеткені туралы айта келе, елімізде бұл жас – 74,44, ал Алматы қаласында 78 жас екенін айтады. Әрине, бұл ең жоғары көрсеткіш. Дегенмен, қала тұрғындарының арасында ғасырмен құрдас жандар да баршылық. Дәл қазір, шаһарда жалпы саны 250 мыңнан астам зейнеткер тұрса, олардың дені Орталықтың тұрақты келушілеріне айналып отыр. Мұндай орталықтар қазір елімізде көптеп ашыла бастады.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәуле БЕКЕТАЕВА, Алматы қаласы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының директоры:

МҮМКІНДІГІ МОЛ ОРТАЛЫҚ

«Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының басты басымдығының бірі – қарттардың денсаулығын күту. Алматыдағы әрбір орталықта дәрігер, психолог, нутрициолог және геронтологтар еңбек етеді. Орталық дәрігерлері қарттардың денсаулығына ерекше назар аударады. Өйткені, жасы келген кісілер ерекше қамқорлықты қажет етеді.

Сонымен қатар, орталықта заңгерлер мен психологтар да жұмыс істейді. Мұндағы көрсетілетін қызметтің барлық түрі тегін. Біздің қызметімізді пайдаланушылардың айтуынша, Орталық – зейнетке шыққан қария кісілердің бос уақытын өткізу үшін таптырмас мүмкіндік. Біз қарттарға түрлі бағытта қызмет көрсетеміз. Мәселен, олар емдік дене шынықтыру сабақтарына, психологиялық тренингтерге, еңбек терапиясына, тіл курстарына, медициналық қызметке, би үйірмелеріне қатысып, домбыра тартуды үйренеді. Сонымен қатар, зейнеткерлер скандинавиялық серуендеумен айналысады. Түрлі спорттық ойындарға да белсене қатысады.

ДӘСТҮРЛІ ТУРНИР

Құрылысшылардың кәсіби мерекесі аясында Алматыда құрылыс саласы қызметкерлері арасында мини-футболдан дәстүрлі турнир өтті. Жарысты Алматы қаласы Құрылыс басқармасы ұйымдастырды.

Турнир орталық стадионның қосалқы алаңында өтіп, оған құрылыс компанияларының, мердігер ұйымдардың, техникалық қадағалау және мемлекеттік инспекция қызметкерлерінің, сондай-ақ қалалық әкімдік бөлімдерінің командалары қатысты. Алматы қаласы Құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Дәулет Еламановтың айтуынша, мұндай спорттық іс-шаралар сала мамандарының арасындағы байланыс пен командалық рухты нығайтуға ерекше ықпал етеді.

– Бұл турнирді біз жыл сайын ұйымдастырамыз. Мақсатымыз – құрылысшылар мен салаға қатысты қызметкерлердің бір-бірімен жақын араласуына, салауатты өмір салтын ұстануына жағдай жасау. Қазір – құрылыс қарқынының ең қызған шағы, соған қарамастан әріптестеріміз уақыт тауып, спорт алаңына жиналды. Бұл – олардың еңбекқорлығы мен белсенділігінің айғағы, – деді ол. Ернұр ЕРЛАНҰЛЫ.

КӘСІБИ МЕРЕКЕ



БАУМ ТОҒАЙЫ

жаңа кейіпке енеді



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

СЕМИНАР

Каскадтық әдіс:

ЭЛЕКТОРАЛДЫ ОҚИТУ

құқықтық сауаттылық пен жұмыс тиімділігін арттыруға бағытталған

Биыл Алматыда сайлау жоспарланбағанына қарамастан, сайлау процесіне қатысушыларды каскадтық әдіспен электоралдық оқыту жалғасуда. Мәселен, Жетісу ауданында «Республика мәслихаттарының депутаттарын сайлау» тақырыбында кезекті семинар өтті. Семинар барысында Жетісу ауданының аумақтық сайлау комиссиясының мүшелері өз тәжірибелерімен бөлісіп кешенді тестілеу және практикалық сабақтар өткізді. Сондай-ақ, сайлау кезінде туындаған жағдайлар бойынша кейстерді жан-жақты талқылады.

Ағымдағы жылы аумақтық комиссиялар 1600 мыңнан астам адамды қамтитын түрлі деңгейдегі 21-ден астам оқыту және ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын жоспарлап отыр. Бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша 994 іс-шара өткізіліп, оған 16 мыңнан астам адам қатысты.

– Алматы қаласының аумақтық сайлау комиссиясы сайлаушылардың құқықтық мәдениеті мен электоралдық белсенділігін арттырудың екінші жартыжылдыққа арналған «Жол картасын» бекітті. Бұл сайлауды ұйымдастырушыларды және сайлау процесіне қатысушыларды оқытудың жоспарын өз ішіне қамтиды. Ақпараттық-түсіндіру комикстері мен бейнероликтер сериясын әзірлеуден бастап, сайлау комиссиялары қызметінің түрлі бағыттары бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеуге дейін әртүрлі деңгейдегі 70-тен астам іс-шара өткізу жоспарлануда. Алматы қаласының жас сайлаушылар клубын құру, жас сайлаушылар қатарынан белсенділер пулын қалыптастыру жоспарланып отырғанын ерекше атап өткен жөн, – дейді Алматы қаласы сайлау комиссиясының төрайымы Айгүл Қалықова.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ



ЭКОНОМИКА

Дүние жүзінің АҚШ, Еуропа, Жапония сияқты дамыған державаларының жүріп өткен жолына зер салсаңыз, нарықтық экономикаға көшіп, кәсіпті қолдап, өндірісті өркендеткен. Қаржы секторын мықтап қолға алып, нәтижелі еңбектің арқасында шаруасы түзеліп, дамудың даңғыл жолына түскен.

Бексұлтан
ТҰРСЫНБЕКҰЛЫ:АЛМАТЫ БҮКІЛ АЙМАҚТЫҢ ҚАРЖЫ
ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛА АЛАДЫ

Қазақ елі де әлеумет пен әлеуетін түзеп, халқының табысын арттырып, өндірушіден өңдеуші салаға ауысуды көздейді. Осы орайда ел экономикасын өркендетудің, азаматтардың табысын арттырудың бағдарлары мен тың тетіктері жайлы белгілі қаржы сарапшысы Бексұлтан Тұрсынбекұлын әңгімеге тартқан едік.

«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН»
ҚАҒИДАТЫ – ТҰРАҚТЫ ДАМУ КЕПІЛІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саясаты айқын – қазіргі күрделі геосаяси жағдайда ол шебер дипломатия арқылы шетелдік инвесторларды көптеп тартуда. Біздің ешбір мемлекетке алашағымыз да, берешегіміз де жоқ, бұл да елдің сенімділігін арттырады. «Әділетті Қазақстан, әділ қоғам, адал адам» қағидаты – тек ішкі саясаттың емес, сыртқы экономикалық қатынастардың да өзегі. Біз шетелдік ірі инвесторларды тарта отырып, өз мүддемізді де ескеретін, екі жаққа да тиімді келісім-шарттар жасасуымыз керек. Сонда олар да еліміздегі тұрақтылық пен бейбіт өмірдің сақталуына мүдделі болады.

Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» атты еңбегінде жазылған ойлар мың жылдан аса уақыт өтсе де, өз маңызын жоғалтқан жоқ. Онда әділ қоғам – адал адамдардың көптігімен, ал адал адамдар – дұрыс тәрбие мен моральдық қағидаттарға негізделген өмір салтымен қалыптасатыны айтылған.

Мемлекетті адамдар құрайды. Егер әрбір азамат өзінің ісінде әділдік пен адалдықты ту етіп ұстаса, қоғамда өзара сенім артады. Бұл сенім – экономикалық дамудың да, жеке тұлғаның арманы мен мақсатына жетуінің де басты іргетасы.

Сондықтан «Әділетті Қазақстан» – бұл тек саяси ұран емес, ол елдің тұрақты дамуының, халықтың бақыт деңгейінің және экономикалық әлеуетінің негізгі шарты. Біз әділ қоғам құру арқылы ғана ұзақ мерзімді өркендеуге қол жеткіземіз және әлемдік деңгейде сенімді әріптеске айналамыз.

АЛМАТЫНЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Әлемдік қаржы орталықтары бір күнде пайда болған жоқ. Лондон, Нью-Йорк, Токио, Дубай тарихына қарасақ, олар ондаған жылдар бойы мынадай факторлардың арқасында қалыптасты. Біріншіден, «саяси және экономикалық тұрақтылық – инвесторлар ең алдымен сенімді орта іздейді». Екіншіден, «дамыған қаржылық инфрақұрылым – банктер, биржалар, сақтандыру компаниялары, инвестициялық қорлар бір жерде шоғырланған». Үшіншіден, «капиталдың еркін қозғалысы – ақшаның кіріп-шығуына кедергі жоқ». Төртіншіден, «адами капитал – жоғары білікті қаржы мамандары мен заңгерлердің болуы». Бесіншіден, «ұзақ мерзімді стратегия – 20–30 жылға есептелген тұрақты саясат».

Алматыны қаржы орталығына айналдыру үшін тек биржа немесе банктерді көбейту

жеткіліксіз. Ең бастысы – тұрақтылық, ашықтық, инфрақұрылым және ұзақ мерзімді даму стратегиясы. Лондон, Нью-Йорк, Токио, Дубайдың жетістігі – осы төрт тіректе. Егер Алматы осы бағытта жүйелі жұмыс істесе, ол тек Қазақстан емес, бүкіл аймақтың қаржы орталығына айнала алады. Қала – еліміздің қаржы астанасы. Банктер мен сақтандыру компаниялар, брокерлік ұйымдар, қор нарығының негізгі ойыншылары осында орналасқан.

Алматы географиялық тұрғыдан Қытай, Ресей, Орталық Азия нарықтарының түйіскен жерінде тұр, логистика мен саудада үлкен артықшылық. Әлемдік инвесторлар үшін ең басты фактор – тұрақтылық пен қауіпсіздік. Лондон, Нью-Йорк, Токио, Дубайдың табысының бір себебі – олардың ондаған жылдар бойы саяси тұрақтылығы мен болжамды бизнес-ортасы болды. Инвестор қаржысын тек тұрақты, заңмен қорғалған, ашық әрі ыңғайлы қалаға салады. Тұрақсыздық жиі қайталанса, ірі инвесторлар сақтық танытып, өз капиталын басқа өңірлерге бағыттауы мүмкін. Саяси және әлеуметтік тұрақтылықты сақтау керек. Құқықтық жүйені күшейту, инвесторлардың мүддесін толық қорғау. Қауіпсіз әрі қолайлы қала инфрақұрылымын дамыту. Ашық әрі болжамды экономикалық саясат жүргізу. Ал инвестор үшін ең үлкен кепілдік – бейбіт өмір мен заң үстемдігі. Егер Алматы осы бағытта жүйелі түрде дамыса, онда аймақтық қаржы орталығы болуға толық мүмкіндігі бар.

ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ –
БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Қазір халықтың көзі ашылып, қаржылық сауаттылықтың маңызын түсініп келеді. Соңғы жылдары бұл бағытта елде бірқатар жобалар іске асуда. Мысалы, «Аманат» партиясы мен Халық банк екі жыл бұрын бастаған «Қарызсыз қоғам» жобасы ауыл-аймақтарда халықтың қаржылық білімін арттыруға өз үлесін қосты. Ақпараттық кеңістікте де қаржыны дұрыс басқару туралы насихат жиілеп келеді. Келесі бір себептерінің бірі, өкінішке қарай, кей азаматтар қаржылық пирамидалар мен алаяқтардың құрбаны болып барып қана ес жиып, сақ болудың маңызын түсініп жатыр. Қазақта «Аузы күйген үрлеп ішеді» дейді ғой, дәл сол сияқты, адамдар қазір қаржылық қорғаныс керек екенін, яғни «қаржылық иммунитет» қалыптастырудың қажеттігін сезіне бастады.

Статистика бойынша қазақстандықтардың үштен бірі өз отбасылық кірісі мен шығысын есептемейді екен. Ал есеп жүргізудің не үшін маңызды екеніне келсек, менеджменттің алты ережесі бар: «Есептей алмаған нәрсені басқара алмайсың» деген. Кіріс пен шығысты жазып жүру арқылы сіз өзіңіздің қаржылық мінез-құлқыңызды сандармен көресіз. Негізінде, ақша табу – ол сіздің өмір уақытыңызды жұмсау. Ал тиімсіз, бейберекет ақша жұмсау – бос кеткен өмір уақытыңыз.

Қарапайым тілмен түсіндірсек: Табыс, кіріс, шығысты есептеу үшін ең алдымен бір

айда түсетін барлық кірістерді (жалақы, қосымша табыс, т.б.) жазып алыңыз. Содан кейін бір айда кететін міндетті шығындарды (үй, тамақ, көлік, коммуналдық төлемдер, т.б.) жіпке тізіп шығарыңыз. Кірістен міндетті шығындарды алып тастағандағы қалдық – бұл сіздің нақты табысыңыз. Осы сандарды көрген кезде қайда артық шығын кетіп жатқанын байқайсыз да, қаржыңызды тиімді басқара бастайсыз. Қадамдық үлгіні қарастырайық. Айдың басында барлық кірістерді жазыңыз. Міндетті шығындарды тізіп шығыңыз (категориялар бойынша). Кіріс – міндетті шығындар = нақты табыс. Қалған соманы жинаққа, инвестицияға және қалауыңызға қарай жұмсасаңыз болады. Яғни соңында қайта қарап, қайда артық кеткенін талдай аласыз.

ҚАРЖЫ ЖИНАУ – ӨМІРЛІК
ФИЛОСОФИЯ

Дамыған мемлекеттердің тәжірибесіне қарасақ, оларда қаржы жинау – тек экономикалық әрекет емес, өмірлік философия. Мысалы, Жапонияда ғасырдан астам тарихы бар, «Какейбо» деген дәстүр бар. Бұл – «үй шаруашылығын есепке алу кітабы» дегенді білдіреді. Жапондар кішкентайынан кіріс-шығысын есептеп үйренеді, қарыздан қашады, әрдайым «көрпесіне қарай көсіледі». Олар «Бірінші өзіңе төле» қағидасын ұстанады. Яғни табыстың бір бөлігін алдымен өз болашағына жинайды, содан кейін ғана қалғанын жұмсайды. Бізде көбіне керісінше, жалақы түскен күні бірден «басқаларға төлейміз» – коммуналдық, дуken, қарыз, түрлі шығындар. Ал өзіміздің болашағымызға төлеуге кезек жетпей қалады.

Сонымен қатар, импульсивті шығын көп, эмоциямен сатып алу, көрсетіп қою үшін алу сияқты. Скандинавия елдерінің мысалы да қызық. Мысалы, Норвегияда мемлекет мұнай табысынан түскен қаржыны әлемдік бағалы қағаздарға инвестициялайтын мемлекеттік қор арқылы көбейтеді. Бұл қордың активтері соншалық, әрбір норвегиялық азаматқа шаққанда, жүздеген мың доллардан келеді. Яғни олар болашағын мемлекет деңгейінде де, жеке деңгейде де алдын ала ойлайды. Біздің халқымызда да осындай көзқарасқа жақын даналық бар.

Мысалы, «3 күндігін ойламаған әйелден без, 3 жыл жылдығын ойламаған еркектен без» немесе «Қыстың қамын жаз ойла» деген сөздер – қаржыны бейберекет шашпай, болашағыңды алдын ала ойла дегенді білдіреді. Ал бізге табысты қазір қалай еселеуге болады деген сұраққа келетін болсақ, бұрын ата-әжелеріміз артық қаражатын сандықта сақтайтын немесе мал басын көбейтіп, байлығын арттыратын. Ол заманда бұл ең сенімді әрі түсінікті әдіс болатын. Ал қазір қаржыны көбейту үшін мүмкіндіктер әлдеқайда кеңейді, бірақ таңдау көп болғандықтан адамдар көбіне шатасып қалады.

Ең бастысы – қаржыны еселеу деген тек «көбірек ақша табу» емес, оны дұрыс сақтап, тәуекелді бөлшектеу. Яғни әртарапандыру табысты (диверсификация). Қарапайым

тілмен айтқанда, бір ғана құралға сеніп отыруға болмайды. Бүгінгі таңда қолжетімді негізгі бағыттар бар. Қарапайым және қауіпсіз тәсілдер: депозиттер қазіргі уақытта депозиттердің пайызы жоғары. 18% - дан асып жығылады. Мысалға: Фридом Финанс банкте (теңгелік немесе валюталық), алтын құймалары. Бұлар табысы аздау, бірақ тәуекелі төмен. Инвестициялық құралдар: акциялар, облигациялар, ETF қорлары. Бұлар ұзақ мерзімді депозиттен жоғары табыс әкеледі, бірақ нарықтың ауытқуына дайын болу керек.

Материалдық активтер: жылжымайтын мүлік, жер. Бұл да дәстүрлі әрі сенімді әдіс, бірақ бастапқы капиталы көп қажет. Валютадағы әртарапандыру: ақшаны тек теңгеде емес, бір бөлігін долларда, еуро, кейде алтынмен сақтау – құнсызданудан қорғайды. Маңызды қағиданы ұсынайық. Бір ғана «құрал» таңдаудың орнына, 3–4 түрлі бағытты араластырып, портфель құру. Мысалы: 40% – депозит пен алтын (қауіпсіздік), 30% – облигация мен акциялар (өсу), 20% – жылжымайтын мүлік (тұрақтылық), 10% – шетел валютасы (қорғаныс). Қазіргі заманда сандық пен қорадағы малдың орнын цифрлық құралдар басты. Бірақ принцип сол күйі қалды: қаржыны сақтай білу, көбейте білу және тәуекелді бөлшектеу.

Бизнестің де, байлықтың да алтын заңдары бар. Ол заңдар мыңдаған жылдар бойы өзгермейді. «Вавилондағы ең бай адам» кітабында жазылған 4 мың жыл бұрынғы қағидалар бүгін де өзекті. Бай болу үшін, болашағыңа алаңдамай өмір сүру үшін сол қағидаларды біліп, күнделікті дағдыға айналдыру керек. Әйтпесе, «Шырылдауық шегіртке» өлеңіндегі сияқты, жаз бойы қызық қуып, қыста азықсыз қалған шегірткенің күйін кешуіміз мүмкін.

ЭКОНОМИКАНЫ
ТҮСІНГЕНДЕР – ТАБЫС ТАБАДЫ,
ТҮСІНБЕГЕНДЕР – ТӨЛЕЙДІ

Акциялар, облигациялар, ETF сияқты құралдар – бұл қаражатты ұзақ мерзімде еселеудің ең тиімді жолдарының бірі. Қазаққа бұл әлі де таңсық дүние, көпшілігі тіпті жақын барып көрмеген. Ал дамыған елдерде, мысалы, Оңтүстік Кореяда, қарапайым еден жуушыдан бастап мұғалімге дейін – бәрінің жеке инвестициялық портфелі бар. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, Уоррен Баффет, Рэй Далио сияқты миллиардерлердің байлығы бір күнде келген жоқ – олар жылдар бойы акциялар мен бағалы қағаздарға инвестиция салып, күрделі пайыздың күшін пайдаланды. Баффеттің сөзі бар: «Күрделі пайыз – бұл әлемнің сегізінші кереметі. Оны түсінгендер – «табыс табады, түсінбегендер – төлейді». Ал Роберт Киосакидің сөзі тіпті өткір: «Инвестиция қауіпті емес. Инвестиция жасамау – қауіпті». Бұл құралдардың басты артықшылығы – олар тек табыс әкеліп қана қоймай, адамның қаржылық және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Бірақ бір маңызды шарт бар. Яғни дұрыс талдау жасау, ұзақ мерзімді көзқарас, сабырлық пен жүйелілік. Инвестиция бір реттік әрекет емес – бұл өмір салты.

Былайша айтқанда, табыс келген сайын бір бөлігін міндетті түрде қаржы нарығына бағыттау – болашақтағы тұрақтылықтың кепілі. Мысалға, АҚШ-тағы зейнет қорлары мен университеттік эндаументтер ондаған жылдар бойы акция, облигация, ETF-терге ақша салып, миллиардтаған долларлық капитал жинады. Дәл осы модельді жеке адам да өз өмірінде қолдана алады. Инвестициядағы «алтын үштік» ережесі: ерте баста – уақыт құрделі пайыздың ең мықты одақтасы. Әртүрлі құралға бөл – бір жерге ғана салма, тәуекелді азайтқан жөн. Ұзақ ұста – нарықтың қысқа мерзімді ауытқуына мән берме.

Жалпы, табысты арттырудың, еселеудің ілкімді тәсілдерін меңгерген жөн. Эмоцияға берілмей, салқынқанды ақылмен шешім қабылдау керек. Инвестиция жасаудың алтын ережелерін білу керек. Мысалға: «Бәрі сатып алғанда сат, бәрі сатқанда сатып ал» деген сияқты. Тәуекелдік тәбет – тәуекел менеджмент деген болу керек. Тұрақты даму дегеніміз, ұзақ мерзімді ойлау. Ал ұзақ мерзімде ойлау үшін акция, ETF, облигациялар тамаша құрал.

Бетті әзірлеген
Олжас
ЖОЛДЫБАЙ.



А.ҚҰНАНБАЙҰЛЫ – 180

«АЛАШТЫҢ АБАЙЫ»

Алматыда театрландырылған концерттік қойылым өтті



және ағартушысы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай арнайы әзірленген «Алаштың Абайы» атты театрландырылған-концерттік қойылым көрерменге жол тартты. Республика сарайының сахнасында қазақ өнерінің майталмандары Абайдың өлмес өлеңдері мен әндерін орындап, сөз, музыка және хореографияны біртұтас көркем туындыға тоғыстырды. Бұл әсерлі сахналық көрініске 200-ден астам өнерпаз қатысты.

Қойылымды Қазақстан театр және кино өнерінің аңызы, КСРО халық артисі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімов ашты. Ол Абайдың терең ойлы жырларын оқып, көрерменге сырлы сезім сыйлады. Онымен бірге сахнаға Тұңғышбай Жаманқұлов пен Саят Мерекенов шығып, өнер көрсетті. Бұдан соң «Жаңа ғасыр» театры мен «Салтанат» би ансамблі «Абай–Тоғжан» атты сахналық қойылым ұсынды.

Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев атап өткендей: «Алматылықтар Абайдың мерейтойына арналған іс-шараларға белсене қатысуда. Бүгін таңертеңнен бастап Абай даңғылында орналасқан ақын ескерткіші маңына шамамен 5 мың адам жиналып, оның аңызға айналған әндерін орындап, гүл шоғын қойды. Сол күні кешке 200-ден астам артист Республика сарайы сахнасында Абай Құнанбайұлына арналған арнайы театрландырылған қойылым көрсетті. Жалпы, қала әкімдігінің бастамасымен мерейтой аясында 120-дан астам мәдени іс-шара ұйымдастырылып жатыр», – деді.

Сахна төрінде Роза Рымбаева, Айгүл Қосанова, Венера Алпысбаева, «Алатау» дәстүрлі өнер театрының артистері, «Жетігеншілер», «IL CANTO» ансамбльдері және басқа да өнер ұжымдары өнер көрсетті. Көрермен «Көзімнің қарасы», «Сегіз аяқ», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Желсіз түнде жарық ай» секілді қазақ мәдениетінің қазынасына айналған шығармаларды тыңдады. Рухани іс-шара елдің еңсесін биіктетіп, Абай аманатын қайта ой елегінен өткізуге мүмкіндік бергені анық.

Дана
САДЫРҚАН

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ақұштап БАҚТЫГЕРЕЕВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын:

ЖАС ҰРПАҚ ӘРТІСКЕ ЕМЕС, АБАЙҒА ТАБЫНУЫ КЕРЕК

Абай тойы тек туған күн емес, ұлт үшін ерекше орын алып тұратын мереке болуы керек. Өкінішке қарай, біз тек арасында бір тойлаймыз да, келесі күні ұмытып кетеміз. Біздің арманымыз – жас ұрпақ Абайды оқыса екен, солар болашағына бір нәрсе алса екен. Себебі, Абайдың беретіні көп. Ұлы ақынның даналығы, ұлылығы осыншама ғасырлар бойы санадан жоғалмады. Бізде әлі де хакім жайлы тың зерттеулер, Абайды іздейтін ұрпақ жетіспейді. Әрі Абайға еңбегі сіңгендердің еңбегі лайықты түрде бағаланса деймін. Жас ұрпақ әртіске емес, Абайға табынуы керек.

Асылы ОСМАН,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ғалым, профессор:

ҚАЗАҚ АБАЙДЫҢ ЖОЛЫМЕН ЖҮРСЕ, ЖАМАН БОЛМАЙДЫ

Қазақта ақын көп, хакім жалғыз, ол – Абай. Әлемде философ көп, Абай – дана, дара. Өйткені, Абай қазақтың ғана емес, адамзаттың Абайы. Хакімнен басқа «Адамзаттың бәрін сүй...» деп жырлаған ақынды көрген жоқпын. Қазақтың даналарын, дараларын осылай ерекше асқақтатқанымыз жақсы. Абайдың әрбір сөзін қазағым ұқса, Абайдың жолымен жүрсем, еш уақытта жаман болмайды. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Достығымыз, бірлігіміз, тыныштығымыз бен тұтастығымыздан Құдай айырмасын! Елім – даласымен, халқым – данасымен, сәби – анасымен, азаматтар – санасымен сақталып, қазақ көбейсін!

болу үшін бүгін міне, қазақи нақышта киіндік, – деді, «Гранд Ана» тобының жетекшісі Сайран Жантөреева.

Қала жұртшылығы белсенді түрде Абай мерейтойын атап өтуде. Алматыда тұңғыш рет ұлы қазақ ақыны, ойшылы

КЕШЕН

«АБАУ PLAZA»

сауда орталығы ашылды

Алматы қаласында мерейтой ақарсаңында «Abay Plaza» атты жаңа сауда орталығы өз есігін айқара ашты.

Дана
БОЛАТҚЫЗЫ

Жаңа сауда кешені Абай даңғылы мен Алтынсарин көшесінің қиылысында, «Тигрохауд» кешенінің жанында орналасқан. Сауда орталығының ашылуына Әуезов ауданының әкімдігі мен Алматы қаласының кәсіпкерлік басқармасының өкілдері және тұрғындар қатысты.

Ғимаратта әртүрлі тұтыну тауарлары, соның ішінде еуропалық өндірушілердің киімдері ұсынылған заманауи сауда орындары орналасқан. Сондай-ақ, келушілерге арналған мейрамхана кешені, қоғамдық тамақтану орындары мен сұлулық салондары жұмыс істейді.

«Тигрохауд» ЖШС бас директоры Азамат Шагитовтың айтуынша, «Abay Plaza» сауда орталығының құрылысы 2024 жылдың сәуір айында басталып, жоспарға сәйкес аяқталған. Құрылысты жүзеге асыруға Алматы қаласының кәсіпкерлік басқармасы мен Әуезов ауданының әкімдігі қолдау көрсеткен. Сонымен қатар, «Almaty Finance» тарапынан инвестициялық қолдау көрсетілген. Қазіргі уақытта «Abay Plaza» кешенінде 50-ден астам сауда нүктесі жұмыс істейді.

Аталған нысан – тек заманауи архитектуралық шешім емес, ұлттық рух пен төл мәдениеттің үйлесім тапқан кеңістігі. «Abay Plaza» – сән-салтанаты келіскен сауда, қоғамдық және зияткерлік орын, әрі қазақ халқының мәдени коды мен болмысын заманауи форматта ұсынатын ерекше кеңістік. Ғимараттың ішкі және сыртқы көрінісі мен безендіруінде Абай дәуірінің бояуы, қазақи өрнек, ұлттық нақыш кеңінен қолданылған. Кілем мен кесте элементтері, киіз үй формасындағы шағын демалыс аймақтары келушіге рухани әсер сыйлап, ұлттың өткені мен бүгінін байланыстырады.



Ашылу рәсімінен ерекше әсер алған қонақ Сәуле Батырбекова:

– Абай – тек өткеннің емес, бүгін мен болашақтың да шамшырағы. Бұл орталықтың ашылуы – оның мұрасын ұлықтап, ұрпақ санасына жеткізу жолындағы үлкен қадамдардың бірі. Абай Құнанбайұлының «Толық адам» тұжырымдамасы, адамгершілік пен білімге негізделген ілімі – орталықтың идеялық өзегіне айналмақ.

Бұл – тек бір ғимарат емес, ұлт санасына ой салар, жастарға бағыт-бағдар берер, руханиятты тірілтер жаңа кеңістік боларына сенемін», – деп атап өтті.

Ұлы Абайдың туған күнінде осындай игі істің жүзеге асуы – елдің рухани жаңғыру жолындағы нақты қадамы. «Abay Plaza» – зияткерлік кеңістік пен мәдени құндылықтар үйлесім тапқан орталыққа айналары сөзсіз.



КӨРМЕ

«ӘДЕБИЕТ – ДОСТЫҚ КӨПІРІ»

«**Ғылым ордасы**» Иран Ислам Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығы және Мәдени өкілдігімен бірлесіп, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған «Әдебиет – достық көпірі» атты көрме ұйымдастырды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Іс-шараға «Ғылым ордасы» РМК Бас директоры Ұлар Мұқажанов, Иран Ислам Республикасының Алматыдағы Бас консулы Суна Ахмади, Иран Мәдени өкілдігінің басшысы Хоссейн Ағазаде, сондай-ақ Ирандағы қазақ диаспорасының өкілдері, зиялы қауым мен ғалымдар қатысты.

Абай Құнанбайұлының рухани-мәдени мұрасын дәріптеп, оның терең мазмұнды шығармалары мен адамзаттық құндылықтарға негізделген идеяларын халықаралық деңгейде насихаттауды мақсат еткен көрме өте мазмұнды өтті. Сонымен қатар, бұл мәдени бастама қазақ және иран халықтары арасындағы әдеби байланысты нығайтып, екі ел арасындағы мәдени ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеруге бағытталып отыр.

Көрме аясында Абай мұрасын парсы тіліне аударған белгілі жазушы Қажы Мұхаммед Шадқамды да еске алу кеші өтті. Қажы Мұхаммед Шадқам – парсы әдеби тілін жетік меңгерген, Абайдың өлеңдері мен еңбектерін парсы тіліне аударып, қазақ әдебиетін Иран жұртшылығына кеңінен танытқан көрнекті тұлға. Оның еңбегі екі ел арасындағы мәдени диалогты нығайтқан маңызды аударма ретінде жоғары бағаланады.

Кеш барысында ұлы ақынның өлеңдері қазақ және парсы тілдерінде оқылып, «Ғылым ордасының» сирек кітаптар қорындағы Абай шығармаларының түрлі басылымдары, парсы тіліне аудармалары, 500 беттік «қазақша-парсыша» сөздік, сондай-ақ «Абай – Рудакі» достық кілемі мен Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ұлар МҰҚАЖАНОВ,
«Ғылым ордасының» Бас директоры:

ҰЛТТЫҚ ОЙ-САНА МЕН МӘДЕНИЕТ СИМВОЛЫ

Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы – оның рухани және әдеби мұрасын жаңа қырынан танып, зерделеуге мүмкіндік беретін маңызды кезең. Абай – қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы ғана емес, ұлттық ой-сана мен мәдениеттің символы. Бүгінде Абай шығармалары әдебиеттанумен қатар, философия, тарих, тіл білімі және мәдениеттану салаларында кеңінен зерттеліп келеді. Осы орайда, «Ғылым ордасы» Орталық ғылыми кітапханасының қорында сақталған сирек басылымдар мен қолжазбалар – үлкен ғылыми маңызға ие. Бұл сирек басылымдар Абайдың әдеби стилін, жазба тілінің дамуын және еңбектерінің таралу аясын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

өнер академиясы студенттерінің туындылары көпшілік назарына ұсынылды. Сонымен қатар, Абайдың 180 жылдығына ар-

налған мәнерлеп оқу байқауының жеңімпаздары марапатталып, арнайы сыйлықтар табысталды.

АҚЫН РУХЫ
қалықтаған күн

ханова баптады. Өлең оқудан сайысқа түскен балапандарға танымал ақын, педагог, өнерпаз аға-апалары қазылық етті.

Бұл күн әуеде ақын рухы қалықтаған күн болды. Оқушылар өлең оқып, басқа да өнерлерін ортаға салып жатты. Іс-шараға Түркісіб ауданынан «Жас қыран» оқу орталығы жақсы дайындықпен келіпті. Айзере Ақылбек, Әмір Байзақ, Әмина Имамадиқызы, Фариза Файзулла, т.б.

оқушылар ұлы ақынның «Өлең сөздің патшасы», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Күз», «Көк ала бұлт сәгіліп», т.б. өлеңдерін барынша мәнерлеп оқыса, Расул Қалибек домбырада «Әлқисса» күйін орындады.

Ұлы Абай рухын ұлықтаған іс-шараның қорытындысында чөлленджге қатысқан белсенді оқушылар Алғыс хаттармен, естелік сыйлықтармен марапатталды.

Елімізде Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған ауқымды бағдарлама басталды. Алматы қаласында да осынау мерейтой аясында тамыз айында 120-дан астам іс-шара өткізу жоспарланған. Мәселен, олардың қатарында – театр қойылымдары, поэзия кештері, әдеби сағаттар, көрмелер, концерттер, жастармен кездесулер сондай-ақ спорттық, қайырымдылық және ағартушылық акциялар бар.

МЕРЕЙТОЙҒА
ТАРТУ

Алматыда Абай
Құнанбайұлының
180 жылдығына арналған
120-дан астам іс-шара өтеді

Айтулы мерейтойдың басты салтанаты – 10 тамызда, ұлы Абайдың туған күнінде өтті. Бұл күні таңғы сағат 10.00-де Республика сарайының алдындағы Абай алаңында ұлы ақынның ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтіп, сағат 12.00-де дәл осы алаңда «Алаштың Абайы» атты музыкалық-драмалық концерт ұйымдастырылды. Қазақ өнерінің жұлдыздары Асанәлі Әшімов, Тұңғышбай Жаманқұлов, Саят Мерекенұлы, Роза Рымбаева, Айгүл Қосанова және өзге де танымал өнер иелері қатысып, кештің көркін кіргізді. Бағдарламада – Абай шығармаларынан театрландырылған көріністер, поэзия, вокалдық және аспаптық нөмірлер қамтылды.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Жалпы, аталмыш мерейтойлық іс-шаралар қаланың барлық сегіз ауданында да ұйымдастырылды. №6 кітапханада өткен «Өлмейтуғын артына сөз қалдырған» атты поэзия кешіне қатысқан жазушы Нұрдәулет Ақыш пен ақын-философ Мұратхан Шоқан Абайдың бүгінгі қоғамдағы рөлі жайлы ой бөлісті. Қазақстан жазушылары кітапханасында «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе» атты «дөңгелек үстел» ұйымдастырылды. Қаламыздағы С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музейінде «Жарқын жұлдыздар» еңбегі негізінде Абай шығармашылығына арналған материалдар ұсынылды. Ал Дінмұхамед Қонаевтың мемориалдық музейінде «Ұлы Абай» атты дәріс өтіп, ақын бейнесі тарихи және әдеби контексте сараланды. Махатма Ганди атындағы саябақта №4 кітапхана филиалы «Жүрегімнің түбіне терең бойла» атты арт-композиция өткізді. Бағдарламада – әдеби ойындар, өлең оқу, Абай әндерін орындау, сондай-ақ «Ғаламның жыр данасы – Ұлы Абай» атты көрме ұсынылды.

Сонымен қатар, 28 тамызда сағат 19.00-де Республика сарайында «Абайға тағзым» атты мерекелік концерт өтеді. Мұнда Абайдың рухани жолы ортақ музыкалық, театрлық және би қойылымдары арқылы сахаланады. Ақынның мерейтойлық іс-шарасы қыркүйек айында да жалғасын тауып, Мемлекеттік қуыршақ театрында «Мен бір жұмбақ адаммын... Абай» спектаклінің премьерасы өтеді (жас шектеуі: 16+). Қойылым Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы мен «Қара сөздері» негізінде сахаланып, ақынның ішкі жан-дүниесі, парасаты мен рухани тереңдігі зерделенеді.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ЧЕЛЛЕНДЖ

Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының мерейтойы мемлекет деңгейінде тойлануда. Еліміздің рухани орталығы Алматы шаһарында да ұлы ақынның 180 жылдығы жан-жақты аталып өтуде.

Нұрлан
СҮЙІН

Мегаполистің Алатау ауданында орналасқан Alatau Creative Hub кітапханасында ұлы ақын Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай балалар арасында поэзия оқудан чөллендж ұйымдастырылды. Бір ай шамасында басталып, сегізінші тамыз күні қорытындыланған іс-шара «Ұлы ақын – ұлт мақтанышы» деп аталды. Іс-шараның мақсаты – жас буынға Абай шығармаларын кеңінен таныту, көркем сөйлеу мәдениетін, ақынның ой-пәлсапасын бүгінге жеткізу болды. Оқушылар Абай өлеңдерін жатқа оқып, басқа да домбыра тарту сияқты өнерлерін ортаға салды. Бұдан басқа, «Абай оқулары» аясында Абай шығармашылығына арналған көрме мен ашық микрофон алаңы ұйымдастырылды.

Чөлленджді ұйымдастырушылар – Alatau Creative Hub кітапхана ұжымы. Әсіресе, кітапхана қызметкері Майра Дүйсембекованың ұйымдастыру қабілеті толығынан көрінді. Өлеңсүйер оқушыларды чөлленджге жетекшілері Әйгерім Нұрма-

ЖОБА

САРАЛАНҒАН ГРАНТТАР

шекті ұпайдан сәл ғана төмен тұрған түлектерге мүмкіндік беріледі

Жылдың осы мезгілінде мыңдаған талапкердің тағдыры тағзыға түсіп, үміт пен күдік қатар жүріп жатады. Яғни таудай талап артқан талапкердің тағдыры Ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесіне байланыады. Сондықтан болар, дәл қазір ата-ана мен түлекті мазалаған бір-ақ мәселе бар. Ол – «грантқа түсе алам ба?» деген сауал. Сөз биылғы оқу жылына бөлінген грант және талапкерлер қаперінде болатын мәселелер жайында болмақ.

КАТЕЛІКТЕР ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?

Жалпы, биылғы оқу жылына 79 мыңға жуық мемлекеттік білім гранты бөлінді. Бір қарағанда, бұл үлкен мүмкіндік. Дегенмен, оның артында қаншама күрделі таңдау, қателік пен өкініш барын екінші бірі ескере бермейді. Тіпті, кей түлек жоғары балл жинаса да, үлкен сеніммен күткен гранттан қағылып жатады. Ал кейбір түлектің шекті балға қолы әрең жетсе де, тегін білім алу мүмкіндігіне ие болатыны бар. Бұл – әрине, дұрыс таңдау жасаудың нәтижесі болса керек. Мәселен, осындай таңдаудың қыр-сырын жақсы білетін кәсіби бағдаршы Гүлзат Мейрамқызы өзінің соңғы он жылда жүздеген оқушыға мамандық таңдауға көмектескенін айтады. Маманның айтуынша, мұндағы басты қателік – талапкердің таңдау жасағанда жіберген қателігі, бәлкім жаңылысуы да болуы мүмкін.

– Түлектердің жиі жіберетін қателігі олар бір ғана мамандықты төрт рет қайталап жазады. Мысалы, «Ақпараттық жүйелер» мамандығын бірден төрт университетке жалпы конкурс арқылы қатарынан жазады. Сосын әрине, бірінші жазған жерден өтпей қалса, қалған үшеуі автоматты түрде жойылады, – дейді маман.

Мұндай жағдайдың орын алмауына кейде мектептегі кеңестің жеткіліксіздігі, кейде ата-ананың қысымы немесе талапкердің өзіне деген сенімсіздігі себеп болуы мүмкін. Мәселен, былтыр Сұлтан есімді түлек 85 балл жинап, бір ғана мамандықты таңдаған көрінеді. Сосын тек Астана мен Алматының ірі университеттеріне ғана өтініш беріп, соңында грантсыз қалған. Қазір ол ақылы бөлімде оқып жүр. Ал тағы бір түлек Аружан Досымбек 78 балмен грантты жеңіп алған көрінеді. Бұл арада ол ауылдық квота мен «Серпін» бағдарламасы арқылы тегін білімге қол



ТАЛАПКЕРГЕ БАҒЫТ БЕРЕТІН БАҒДАРЛАМА

Кейде мемлекет тарапынан берілетін зор қолдаулардан игіліктеңе алмай қалу осындай жағдайлардан да болады. Соңғы жылдары «Профориентация» деген тіркесті жиі еститін болдық. Бұл – талапкердің болашағын анықтайтын басты құрал. Дегенмен, бұл саладағы мамандар

саны өте аз. Сондықтан әлі де көптеген мектептерде түлектерге кеңес беретін педагог-психологтар мен бағыттаушы мамандардың жүктемесі сол күйінде қалып отыр. Кейде тіпті бір мектептегі барлық 11-сынып оқушыларына кеңес беру үшін бір ғана сағат бөлінеді. Мұндай жағдайда әр балаға жеке-жеке бағыт беру еш мүмкін емес. Мемлекет бұл олқылықтың орнын толтыру үшін соңғы жылдары қосымша жобаларды қолға алып отыр. Мәселен, солардың бірі – сараланған гранттар. Негізінен толыққанды грант болмаса да, тегін білімге біртабан жақын.

Жалпы, бұл жоба екінші жыл қатарынан пилоттық негізде жүзеге асып келеді. Басты артықшылығы – грантқа ілікпеген, бірақ шекті ұпайдан сәл ғана төмен тұрған түлектерге мүмкіндік беріледі. Жоба аясында студент оқу ақысын толық емес, жартылай ғана төлейді, ал қалғанын мемлекет өтейді. Аталмыш бағдарлама аясында студенттер стипендия алып, білімін жалғастыра алады. Мәселен, биыл бөлінген 300 гранттың 150-і педагогикалық мамандықтарға, қалған 150-і әлеуметтік ғылымдарға бағытталып отыр. Бұл гранттың ерекшелігі – негізгі конкурс нәтижелері жарияланғаннан кейін, тамыз айының ортасында екінші мәрте конкурс өтеді. Яғни талапкерлерге екінші мүмкіндік бар. Бұл гранттар оқу ақысының қомақты бөлігін жабумен қатар, студентті оқуға ынталандырады. Әсіресе, әлеуметтік аз қамтылған отбасылар үшін бұл – үлкен көмек. Білім саласы үшін бүгінгі таңда ең маңызды нәрсе – ақпарат. Ақпаратқа қанық түлектің балы аз болса да, мүмкіндігі мол болады.

✓ КЕРЕК КЕҢЕС:

- Бір ғана емес, кемінде 3 түрлі мамандықты таңдаңыз;
- Аймақтық оқу орындарын ескерген жөн, ауылдық квота, «Серпін», әкім гранты, сараланған грант сынды мүмкіндіктерді зерттеп, мүмкіндіктерді пайдалануға тырысыңыз.
- Мамандық таңдауда тек «престижге» қарай емес, қабілетіңізге қарап, шешім қабылдаңыз. Бұл ретте кәсіби бағдаршы кеңесін тыңдағаныңыз жөн.
- Түлектерге бағыт беретін тағы бір маңызды фактор – өмірлік мақсат пен құндылықтар. Осы арада түлектің өзі не қалайды? Оның қабілеті қай салаға басым? Еңбекақысы жоғары сала емес, жанына жақын мамандықты таңдаған адам – түптің-түбінде табысты болады.
- Соңғы мәліметтерге сүйенсек, түлектердің 30%-ы мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Негізгі себептерінің бірі – талапкердің ҰБТ-дан жинаған балы қалаған оқу бағдарламасына түсуге жеткіліксіз болуы, сондай-ақ білім сапасының жеткіліксіздігі. Қазіргі уақытта жұмысшы ма-

мандықтары бойынша 100 жаңа кәсіби стандарт қабылдау жоспарланса, бұған дейін 864 кәсіби стандарт әзірленген. Дегенмен, осы негізінде оқу бағдарламалары мен кадр даярлау стандарттары жаңартылуы қажет екені айтылып жүр.

Тағы бір мысал, 11-сыныпты бітірген Нұрдәулет Нұрланұлы ҰБТ-дан небәрі 74 балл жинаған көрінеді. Оның информатика мен робототехникаға қызығушылығы жоғары болғандықтан болар, облыс орталығындағы техникалық университетті таңдап, IT-инжиниринг бағыты бойынша «Серпін» бағдарламасы арқылы грант ұтып алды. Бүгінде ол республикалық олимпиада жүлдегері, әрі өз стартап жобасын іске асырумен айналысып жүр. Бұл – жүйелі жоспарлаудың, ақпаратқа қанық болудың және дұрыс шешім қабылдаудың жемісі екені анық. Бүгінгі таңда мемлекетіміз барлық мүмкіндікті жасап отыр. Ал сол мүмкіндікті дұрыс пайдалану талапкер мен ата-ананың еншісінде.

«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ»

КОЛЛЕДЖДЕР МЕН АКАДЕМИЯЛАР

жол қозғалысы мамандықтары бойынша маман оқытуға баса көңіл бөліп отыр

Алматы қаласының көлік саласы – тұтас сала ғана емес, қаламыздың дамуын қамтамасыз ететін маңызды жүйе.

2024 жылы Алматы қаласында жүк айналымы 24,2%-ға өскен, жолаушылар айналымы 17%-ға артқан екен. Бұл – республикадағы ең жоғары көрсеткіштерінің бірі. Жалпы, Алматы қаласы көлік саласының экономикалық және әлеуметтік дамуында жетекші мәнге ие болып келеді. Өткен жылы Алматыдан қала маңына қосымша 30 жаңа қоғамдық көлік бағыттары ашылып, субсидиялар арқасында олардың басым бағытының қызметі күшейтілді.

Сонымен қатар, электронды төлем жүйесінің енгізілуі де қарқынды іске асып отыр. Әрине, бұл көліктегі көлеңкелі экономиканы азайтып, кәсіпорындардың табысын арттырды. Елімізде «Қазақстан темір жолы» компаниясы біріктірілген логистикалық хабтар құрып, Қытай мен Еуропа арасындағы транзиттік бағыттарды нығайтып жатыр. Мәселен, «Nurly Zhol» инфрақұрылымдық бағдарламасы аясында 2024 жылы мыңдаған шақырым жолдар, жүк-пассажиір желілері жаңартылды. Қазіргі таңда Алматыдағы колледждер мен академиялар жол қозғалысы мамандықтары бойынша маман оқытуға баса көңіл бөліп отыр. Жыл сайын мыңдаған студенттер аттестациядан өтіп, шеберліктерін арттыруда.

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Елімізде «Мектепке жол» республикалық акциясы дәстүрге айналған. Мейірім мен ізгілікке толы іс-шара биыл тағы да жалғасын тапты. Бұл – адамның адамға деген таза ниетін, адамгершілік қарым-қатынасын көрсететін сүйіспеншілік пен қамқорлықтың көрінісі.

Осынау акция аясында Жетісу ауданына қарасты №43 жалпы білім беретін мектебінде де аталмыш іс-шара 1 тамыз күні бастау алды. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы бойынша жалпыға бірдей білім беру қорынан жиырма бес оқушыға ақшалай көмек көрсетілді. Сонымен қатар, демеушілердің есебінен бала-

ларға аяқкіім мен кеңсе тауарлары сыйға тартылды.

Жалпы, қайырымдылық жасау – халқымыздың қанында бар қасиет. Содан да болар, Ернат Құсайынов бастаған мектеп ұжымы да акцияға атсалысып, мұқтаж жандарға көмек көрсетіп, елдіктің үлгісін танытып отыр. Осы ретте мектеп басшысы: «Әлі де көмек қажет отбасы балаларын сөмке, оқуға қажетті құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етеміз» дейді. Мектеп ұжымы да осынау бастаманы қолдап, белсенділік танытып отыр.

Жаңа оқу жылы қарсаңында «Мектепке жол» республикалық акциясына демеуші болып, оқушылардың қуанышына себепкер болғанға не жетсін.

**Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.**



ОЙТАЛҚЫ

КИІМ КИЮ ӘДЕБІ

адамның ішкі дүниесі мен таным-түйсігінің айнасы

Бүгінде етек-жеңі ашық-шашық жүрген бойжеткендер де, құлағы мен мұрнын тесіп, сырға таққан бозбалалар да, тәнін татуажбен безендіріп, әлем-жәлем киініп, көзі-қасы мен шашын түрлі-түсті реңкке бояған түрлі топтағы жастар да қоғамдық орындардағы қалыпты көрініске айналған. Бұл негізі – есті адамды алаңдататын өзекті мәселе.

КІСІЛІК КЕЛБЕТІ, МӘДЕНИЕТ ӨЛШЕМІ

Халқымыз ежелден киім кию мәдениетіне айрықша мән берген. «Адам көркі – шүберек» деп, киімнің отбасылық тәрбиенің, адамның жан-дүниесінің көрінісі екенін меңзеген. «Киіміңе қарап қарсы алады, ақылыңа қарап шығарып салады» деген қанатты сөз – киім кию мәдениеті тек сыртқы сән ғана емес, адамның ішкі дүниесі мен таным-түйсігінің, азаматтық түсінігінің айнасы екенін білдіреді. Нақты тұжырымдасақ: киім – кісілік келбеті, мәдениет өлшемі.

Қазір жастардың киім кию мәдениеті сан түрлі бағытқа өзгеріп бара жатқаны қоғам назарын аударатын, әрі байыппен зерделейтін тақырып. Әсіресе, жастар арасында кию әдебінің күрт өзгеріп, дәстүрлі ұстанымдардың алыстай бастауы – ойландыратын, тіпті алаңдатарлық құбылыс.

Бір жағынан, жаһандану заманы жастарға түрлі мәдени әсерлерді еркін қабылдауға мүмкіндік берді. Олар әлемдік сән үлгілерін, заманауи трендтерді тез игеріп, өзіндік стиль қалыптастыруға тырысады. Бұл – табиғи нәрсе. Алайда, екінші жағынан, ұлттың дәстүрлі ұстанымдары мен ұяң мінезіне қайшы келетін киім үлгілерінің сән әлеміне дендеп енуі – аға буын арасында алаңдаушылық тудырып отырғанын да айта кеткен жөн.

Жастарымыздың ортасында бет-аузын тұмшалап киінетіндер де, керісінше, тым ашық-шашық жүретіндер де кездеседі. Жоғарыда айтқанымыздай, құлақ, мұрын, тіл сияқты дене мүшелерін тесіп, сырға, пирсинг тағу, бетке татуаж жасату модаға айналған. Бұл – ұлттық салт-дәстүрі бекем, рухани-мәдени құндылықтарымызға адал қазақ қоғамы үшін дабыл қағатын мәселе.

Өйткені, еліктеуге бейім бүгінгі ұрпақтың сыртқы бейнесі оның дүниетанымындағы ауытқушылықтың, рухани бағдардың, құндылықтар жүйесінің өзгергенінің белгісі дер едік. Біз ешқашан арсыздықты, дарақылықты, өз-өзін насихаттауды құп көрмеген халықпыз. Әр киімнің өз орны, әр дәстүрдің өз уақыты бар. Ұлттық болмысымызды жоғалтпай, заманауи әлеммен үндесе білу – нағыз парасаттылық. Сондықтан да киім таңдаудағы талғам мен тазалық – тек сәннің емес, ұлттық сана мен салт-дәстүрдің де өлшемі екенін ұмытпағанымыз жөн. Жастарымызға ұлттық тәрбиенің мәйегін сіңіріп, киім мәдениетін зерделеп ұсыну – ата-ана мен қоғамның ортақ жауапкершілігі.

СӘН МЕН САЛТ ҮЙЛЕСІМІ КЕРЕК

Сөз жоқ, батыстың мәдени ықпалы мен ғаламтордың шексіз кеңістігі жастарды түрлі стильдерге жетелейді. Бірақ кез келген сән үлгісін жалаң қайталау ұлттық тәрбиемізге сай келе бермейді. Қазақы болмыс – ұстамдылық пен ұят ұғымдарын тірек етеді. Киім – ар мен инабаттың шеңберінен шықпауы тиіс. Өйткені, ол – қоғамға деген құрметтің, өз-өзіне деген жауапкершіліктің айнасы десек, ел ертеңі – жастардың киім киісіндегі еркіндік еліктеушілікке емес, есті талғамға құрылуы керек. Ұлттық санаға негізделген киім мәдениетін қалыптастыру – бүгінгі тәрбиенің маңызды бағыты.



Фото: KFW

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Амалбек ТШАНОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері:

АТА-БАБАЛАРЫМЫЗ
АР-ҰЯТҚА БЕРІК ЕДІ...

Қазақ халқы – уәдеге өте берік, айтқан сөзіне нық. Ұлтымыз ар-намыс, ұят деген үш сөзді негізге алып, мағынасын терең түсініп, сол арқылы дамып, бүгінгі тәуелсіз күнге жеттік. Ел мен жерді сақтап қалғанымыздың ең негізгі өзегі тектілікте деп білеміз. Өте намысшыл халық болдық. Ата-бабаларымыз ар-ұятқа берік болды. Ар дегеніміз – аналарымыз, қыз-келіншектеріміз. Біздің нәзік жандылар ар-ұятқа аса терең мән беріп, ұят, абыройды бойына сіңірді, ұлтты сақтап қалғанымыз сондықтан. Жастарымыз ренжімес, ағалық ниетпен айтайын, бүгінгінің қыз-жігіттерінің жүріс-тұрысы қынжылтады, олар қалай болса солай киінеді, ар-намыстан жүрдай болып барады. Киім кию әдебіне мән бермейді. Ар-ұяттан аттап, қазақ ешқашан ел бола алмайды.

Байғали ЕСЕНӘЛИЕВ,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

ҰЛТТЫҚ КИІМДІ
БРЕНДКЕ АЙНАЛДЫРАЙЫҚ

Өзім жұмыс істеген театрда Гүлжамал Қазақбаева, Әмина Өмірзақова, Ғазиза Әбдінәбиева, Жамал Бектасова, Гүлай апаларымыз да, кейінгі толқын Әсел, Райхан сияқты аруларымыз да «елге танымал актрисамыз» деп, қалай болса солай шаштарын жайып, ерсі қылыққа бармады. Әрісі Күләш Байсейітова, берісі Бибігүл Төлегенова апаларымыз қазақ қызына тән үлгі-өнеге көрсете білді. Асыл текті кісілердің фильмдегі, концерттегі қазақи нақыштағы киім үлгілерінен бренд жасау керек. Сән үлгісімен айналысатындардың өзі ер адамдар үшін алабажақ костюм, қызылды-жасылды жейде тіккендері жөн емес.

Осыдан 3-4 жыл бұрын француздардан киноға ұсыныс түсті. Ұмытпасам, кастинг директоры Айнұр есімді қыз хабарласып, дәрігер-гейдің рөлін сомдауымды айтты. Актер болған соң кез келген рөлі орындауы керек дейді. Күніне 3 мың еуро, бас-аяғы 30 шақты көрініске жалпы құны 90 мың еуро мөлшерінде қаражат төленетін көрінеді. Ар-намысым жібермеді. Бас тарттым. Дүниеге қызығып, ар-ұяттан аттау – азғындық.

Сән мен салт үйлесім тапқанда ғана шынайы мәдениет қалыптасады. Сондықтан киімді таңдау – тек эстетика емес, ол – тәрбиелік тағылымның, өмірлік ұстанымның көрсеткіші.

Еуропаның ділі де, діні де басқа. Оларда еркіндік белең алған. Ағайын-туыстық қасиет жоқ. Ол жақта жеке адамның өсіп-жетіліп, мансап қуып, байлық жинап, тек қара басын ойлауы құп көріледі. Бастысы, істеп жатқан әрекеті заңға қайшы келмесе болғаны. Сондықтан ойын-сауық, көңілді кештер, қызылды-жасылды әлем, көңіл көтеру, сауық құру жағы басым. Ашық киініп, пластикалық ота жасатын, қалаған мүшесін өзгерту қалыпты құбылыс. Тіпті, қай жынысты таңдайтынын еуропалық өзі шешеді. Батыс мәдениетінің бүгінгі бет-

бейнесі осы. Ал мұсылман әлемінің өмір сүру дағдысы мүлдем басқа. Әлбетте, орта ғасырдағы салтын бұзбай, бүгінгі дәуірмен ұштастырып жатқан елдер де жетерлік. Мәселен, араб-парсы мәдениеті жабық киініп, ер де, әйел де ұзын киіп, тұмшаланып, басына сәлде орап жүре береді. Қорқор тарту да Таяу Шығыстан жеткен құмарлық. Олардың сөйлеу мәдениеті де осы әдептеріне сай.

ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРГЕ –
ЗАМАНАУИ КӨЗҚАРАС

Қоғам қайраткері Асылы Осман апамыз «Тәрбие – ұлттық, білім – әлемдік» болуы керек деп еді. Тегі рас айтылған сөз. Адам болған соң қателеспейтін жан жоқ. Алайда, ұятсыздық пен надандыққа бой

алдыру – жараспас қылық. Біз қазақтың өзіне тән дәстүрлі жолымен жүрсек ұтарымыз көп. Қазір қоғамда спортшыларымыз, өнер, мәдениет, ғылым салаларының өкілдері жаппай ұлттық киімімізді насихаттап жүр. Мәселен, әлемге әйгілі боксшы Қанат Ислам шаршы алаңға тақия киіп шықса, сондай-ақ UFS шебері Шавкат Рахмонов қазақтың бөрігін киіп, әлемді таңдандырып, спорттық жетістікке жетіп келеді. Міне, осындай үлгі етерлік дүние көп. Ең бастысы, ұлттық киімді заманға, адамға сай етіп жасаса, құба-құп. Ұлттық дәстүрге – заманауи көзқарас керек.

Көпәтносты елімізде кавказдың ер-азаматтарынан ерге тән мінез есіп тұрады. Ал қыз-келіншектері етек-жеңі ұзын киім киіп, әйелдері бастарына орамал тағып жүреді. Оларға көзі түскен кісінің көзі тояды. Былай ойлап қарасаңыз, бәріміз ХХІ ғасырда, жаһандану дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Қап тауынан келген ағайындар тарихи отанынан жырақта жүрсе де, ар-ұятты сақтап, өздерінің ұлттық болмысын өзгертпей, кәсіп істеп байып, өсіп-өніп жатыр. Жастарымызға олардан үлгі аларлық өнеге жетерлік.

ЕЛІКТЕУДІ ҚОЯТЫН УАҚЫТ ЖЕТТІ

Ауыл жастары оқуды, жұмысты желеу етіп қалаға жетеді. Алматы құдды бір шексіз еркіндіктің шаһарындай. Мұнда ойыңа келгенді жасап, білгеніңді істей беруге болатындай көрінуі мүмкін. Алайда, Алматы – алып мегаполис, бүкіләлем көз тігетін аймақ. Сондықтан бейберекетсіздікке салынуға әсте болмайды.

Ауылдағы ағайын, ел-жұрт бір-бірін таниды. «Ұят болады» деген сөзге тоқтайды. Сондықтан аса бір ашық-шашық киініп, ұяттан аттап жатқан жағдайлар жоқтың қасы. Өкініштісі сол, ауылда көбіне үлкендер қалып, жастар үдере қалаға көшіп жатыр. Ал арман қуып, қалаға келгендер туыс-таныстардың өзі бір-бірімен араласпайтын, көрші ақысы еленбейтін, кішілер үлкендермен сәлемдеспейтін ортаға түседі, ұлттық құндылықтар ұмытылған әлемге тап болғандай болады. Алдарына мақсат қойып, білім алып, ғылымды зерделеп, кәсіп меңгеріп, жұмыс істеп, адал еңбегімен нәпақасын тауып, баспанасын алып, тірлік істеп жатқан замандастарымызға қарап арқаланамыз. Өкінішке орай, шетелдік жабайы әдептерге еліктеп, жастықтың дәуренімен мейрамханалар мен калья-барларды жағалап, түнгі клубтарда қыдырып, жеңілтектікпен ойын-сауыққа малданып, адасып жүрген қыз-жігіттеріміз де жоқ емес. Ауылдағы ата-анасы қолынан келгенін беріп, оқытуға тырысады, ол оны түсінбеген кейбір жастар қыдырудан қолы босамайды. Ақыр соңында қайда, қалай қадам басқандығын аңғара алмай, мұның соңы ардан аттап, өз қадірін жоғалтуға алып келеді.

Қала – білім мен ілім алып, кәсіп ашып, қаржы жинап, өсіп-өнетін мекен. Шаһарға нақты мақсатпен келіп, арманға ұмтылсаңыз, түбі игі нәтижеге жетесіз. Халқымыздың ұстанымында «Жақсыға ерсең, жетерсің мұратқа, жаманға ерсең, қаларсың ұятқа» деген ұлағатты даналық бар. Жақсыға ұмтылайық, ар-ұятты ұмытпайық! Қазақ ұлтының абыройы – қазақ қызының бет-бейнесінде, қазақ жігітінің айбарында екенін ұмытпайық! Бұл – есті құлаққа, иманды жүрекке жететіндей парасатты пайым.

Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



КӨЗҚАРАС

Әлия БӨПЕЖАНОВА:



Ұлттың рухани жадын сақтап, оның болмыс-бітімін, арман-аңсарын айнадай көрсететін ерекше әлем – әдебиет десек, ешкім дауласа қоймас. Бұл әлемнің бүгіні мен болашағына бей-жай қарамайтын, оның тамырына терең бойлап, заманауи тынысын дөп басып айтып жүрген санаулы тұлғалар бар.

Солардың бірі – ҚР еңбек сіңірген қайраткері, әдебиеттанушы, сыншы, журналист Әлия Бөпежанова. Белгілі мәдени сарапшының әдебиет жайлы өзекті пікірлерін оқырманға ұсынғанды жөн көрдік.

ЖАЗУШЫЛАРҒА ДА КЛАССИФИКАЦИЯ БЕРУ КЕРЕК ШЫҒАР...

«Жырларым – жанымның шырылы» деп Мұқағали ақын айтақшы, бүгінде жазу – адамның өзін репрезентациялауының жақсы жолы. Технологиялар заманында адамның өзін репрезентациялау, сол арқылы өзін бағалау, өмірін зерделеу, қоғамға пайдалы сезінудің жолы көбейді. Әдебиет демейін, әйтеуір жазу, яғни ой-танымын қағазға таңбалау да – бүгінде осының бір жеңілдеу түріне, өзін-өзі бағалаудың ғана емес, өз қал-қадерінше өмірді зерделеудің және оны қоғамға трансляциялаудың бір әдісіне айналған кезде, жазушы атану мәртебе ме деймін.

«Быстрое чтение» жазатындарға пышақтың қалыңдығындай бір жинақ шығарып – «ақын», азды-көпті баяндарынан бір кітап шығарып – «жазушы» атанып жүргендер қарасы көбейді. Осындай жағдайда, әрине, «нағыз, шынайы» дегендей анықтама қосуға тура келеді. Аналогия жасасақ, кәсіби бокс бар, әуесқой бокс бар немесе кәсіби және әуесқой теннис... Әзіл-шыны аралас айтқанда, мүмкін жазушыларға да осындай классификация беру керек шығар... Бұл орайда кітап авторы болу әрі пайда, әрі мәртебе ме деймін. Қоғамға трансляциялау арқылы өзін пайдалы сезінуінің және әлеуметті, әсіресе, әйелдерді қалай өмір сүруге, «жүректерін ашуға» үйретіп жүрген «коучтардың» пайда табуының бір әдісіне айналды. Өйткені, тез оқылып, тез ұмытылатын өмір сүру, пайда табу ережелері туралы кітапшалар; оқиғалары қауырт басталып, қауырт бітетін, оқып болысымен естен шығатын әңгіме, повестер, яғни «быстрое чтение» өз алдына – пышақ қырындай бір жинақ шығарып...

ҚҰНДЫЛЫҚТАР МӘСЕЛЕСІ МАҢЫЗДЫ

Қазіргі сахналық үдерістер көпқырлы. Жаңалыққа жаны құмар жас буын классикамызға небір заманауи интерпретациялар жасауда. Осыдан бірер

ҰЛТТЫҚ ДАРАЛЫҚТЫ САҚТАУ

алғашқы орында тұруы тиіс

жыл бұрын мәскеулік режиссер Гүлназ Балпейісованың «Қарагөз» (Қарағанды театры) және «Баян сұлу – Қозы Көрпеш» (Астана театры) қойылымдары кәсіби ортада да, қоғамда да пікірталастар тудырғаны рас. Бунтарьлық, эпатаждық жастық шақта жарасады, әрі оқыған, көрген мектебіне байланысты болуы керек, талантты жас режиссер классиканы «рахаттана» деконструкциялайды.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» «Баян сұлу – Қозы Көрпешке» айналдырып, басты акцентті Баянға беріп, мейлінше бүгінгі күнге жақындатады. Қосымша шартты кейіпкерлер, мысалы, отандық та, шетелдік те көптеген қойылымдарда кездесетін режиссерлердің фикс-идеясы дерлік – тағдыр, жазмыш-кейіпкер қосады. Немесе «Қыз Жібек» фильміндегі белдік эпизодына қарама-қарсы мағына алатын қарбызды сахна, т.б. Қойылымның сценографиясы, жарықтық-визуалдық шешімі қызғылықты, ойын элементтері мол.

Алайда, құнарлы да көркем шығарма қуатынан айырылғандай, қарабайырлау теңеуге салғанда, мереке кездеріндегі бір көрмекке көз алдар, жарқ-жүрқ фейерверк тамашалап шыққандай боласыз. Шығарманың бетінен қалқыған, мұндай бірөлшемді, «авторитарлы» қойылымдарды эпатажды жас режиссерлердің өсу жолындағы ізденістері деп қабылдау керек шығар. «Қасиетті өнерге тосыннан шабуыл жасалды» деп байбалам салудың реті жоқ, алайда бүгінгі ашық әлем жағдайында ұлттық даралықты сақтау, құндылықтар мәселесі алғашқы орында тұруы тиістігін еске салудың артықтығы жоқ.

Бұл тұста мәселе тек Гүлназда емес, осындай бір тенденцияда болып отыр. Бұған кезінде театртанушылар Айзат Қадырғалиева, Нартай Ескендір, өнертану докторы Бақыт Нұрпейістер де «Платон менің досым, бірақ шындық одан да қымбат» ұстанымымен үн қатты. Бақыттың «І Республикалық жастар театрлары фестивалі: жас режиссерлер және ұлттық классика» атты көлемді мақаласында (Мәдени портал, 16.11.2023) кеңірек сөз болды. Кәсіби маманның көптеген тұжырымын өте орынды деп білемін.

ШЫНАЙЫ ӘДЕБИЕТ ӨЛШЕМІ – НОБЕЛЬ ЕМЕС

Бір қызығы, қазақ қауымын Нобель сыйлығы қатты толғандыратын сияқты. Өйткені, бұл мәселе әдеби-мәдени сұхбаттардың басым көпшілігінде міндетті түрде сөз болады, арнайы мақалалар да жазылып жүрген жағдай бар. Мұны әлеуметтанушылар зерттеп көрсе болар еді, бәлкім, ұлттық психологиядағы әлдебір ерекшеліктердің ашылуы...

Нобелианттары жоқ елдер көп және бұл сыйлық суреткерлерге негізінен әлем әдебиетіне әкелген жаңалығы үшін берілетіні белгілі. Мәртебелі Нобель сыйлығына лайық суреткерлер бізде болды – Мұхтар Әуезов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Әбіш Кекілбаев... («болды» дейтінім, бұл сыйлық дүние кешкендерге берілмейді).

Көрнекті суреткер Әбдіжәміл Нұрпейісов Нобель сыйлығына бірнеше рет ұсынылған – 2013-2014 жылдары Қазақ ПЕН-клубы, 2018 жылы Мәскеудің «Художественная литература» баспасы ұсыныпты. Қазақ ПЕН-клубының президенті Бигелді Ғабдуллиннің айтуынша, 2013 жылы ұсы-

нылғанда Нұрпейісов Нобель комитетінің 5 адамдық қысқа тізіміне ілініпті. Бұл едәуір жеңіс десе болады. Шетелдерде Нобель сыйлығына немесе кинода «Оскар» сыйлығына номинант болғандардың өзін мақтанышпен атап жатады. Әрине, Нұрпейісов ондай мақтанға зәру емес-ті.

Біздер замандас, біздің буыннан кейбіріміз азды-көпті пікірлесу бақытына ие болған көрнекті суреткердің аса құнарлы да заманауи шығармашылығы – қазақ әдебиетінің ғана емес, әлем әдебиетінің қазынасы. «Қан мен тер» трилогиясы және «Соңғы парыз» романдарымен халқымыздың уақыт пен кеңістіктегі бір ғасырын бейнелеген Әбдіжәміл Нұрпейісов шығармашылығы – қазақ әдебиетінің ғасырлар тоғысындағы көркем трансформациясының да айқын көрінісі. Немістің белгілі сыншысы Л.Кошут жазғандай, әлемде батыстың басымдығы бел алмағанда бұл шығармалар баяғыда әлем тілдеріне аударылып, әлем әдебиетінің ұлы туындысы деп бағаланған болар еді.

Ал жеке пікірімде, қазіргі таңда бұл сыйлыққа ең лайықты есім – көрнекті ақын, түркітанушы Олжас Сүлейменов. Ол 2022 жылы ұсынылыпты. Демек, ұмтылыстар баршылық. Әрине, шынайы әдебиеттің өлшемі Нобель ғана емес.

ҚАЗАҚ КӘСІБИ СЫНЫ ЖАҢАНДЫҚ АРЕНАҒА ШЫҒУЫ КЕРЕК

Қазақ әдебиеті өз өлшемімізде үлкен әдебиет болғанымен, әлем үшін әзірше аймақтық, дұрысы жабықтау әдебиет. Бұл ахуалдан кету үшін әдебиетте де медиадағы, кино өнеріндегі сияқты глобализация – жаһандану, локализация – жергіліктілік «туындысы» глокализация принциптерін ұстануға әбден болар еді.

Э.Хемингуэйдің, әдебиеттің мықты болуы ел экономикасының мықтылығына байланыстылығы туралы пікірі бар. Нобель сыйлығын алу үшін қазақ әдебиеті әлемге ортақ және Нобель сыйлығы сарапталатын ағылшын тілінде шығып, танымалдығы артуы қажет. Ал бүгінге дейін әлем тілдеріне жасалған біршама аудармалар теңіздің тамшысындай ғана және пайдалы әсер коэффициенті белгісіздеу. Амазондағы бірер сатылымдар, бәлкім, авторларына табыс түсірер, бірақ оны қазақ әдебиетінің үлкен жетістігі деу қиын. Демек, перспективаға жұмыс жасау керек. Әдебиетіміз әлемге танымал болуы үшін, әрине, аударма ісі жолға қойылуы, ол үшін әлем тілдеріне тікелей аударатын кәсіби мамандардың үлкен мектебі қалыптасуы шарт.

Тағы бір өзекті мәселе – қазақ кәсіби сынының әлемдік аренаға шығуы қажеттігі, бұл да алдағы жылдардың шаруасы. Нобельден бұрын Түркі әлемі немесе Азия әдеби сыйлығы тағайындалса жарасар еді. Осыдан бірталай жыл бұрын Түркі әлемі әдебиетінің мәртебелі сыйлығын тағайындау туралы мәселе көтерілген. Бұл идеяны Түркі елдері кеңесі аясында жандандырса орынды болар...

Әзірлеген
Дана САДЫРҚАН.





«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 4 айға – 2453,60 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 4 айға – 5262,48 (қала), 3213,60 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 4 айға – 1573,60 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы **«Almaty aqshamy»** газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны **«Almaty aqshamy»** газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

«Qatqor» мобильдік қосымшасының әкімшілік өндірістер бойынша мүмкіндіктері

Қазіргі таңда цифрлық технологиялар мемлекеттік органдардың ашықтығы мен тиімділігін арттырудың басты құралының біріне айналды.

«Qatqor» мобильдік қосымшасы Әкімшілік өндірістер саласындағы ашықтық пен қолжетімділіктің жаңа кезеңі Цифрлық трансформация заманы халыққа мемлекеттік қызметтерді ұсынудың сапасы мен жылдамдығына жаңа талаптар қояды.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті әзірлеген «Qatqor» мобильдік қосымшасы азаматтар мен заңды тұлғаларға құқықтық ақпаратқа қолжетімділікті жеңілдетіп, мемлекеттік органдар жұмысының ашықтығын арттыруға бағытталған маңызды құрал болып отыр.

Бүгінгі таңда қосымша әкімшілік құқық бұзушылықтар және әкімшілік істер бойынша өндірістер саласында ерекше сұранысқа ие. Бұл салада «Qatqor» азаматтар мен ұйымдарға өз құқықтарын қорғауға, заңбұзушылықтардың салдарын дер кезінде жоюға және мемлекетпен тиімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Нақты мүмкіндіктер мен артықшылықтар:

1. Әкімшілік істер туралы толық ақпарат – пайдаланушылар өз атына (ЖСН немесе БСН арқылы) тіркелген әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша іс қозғалған күнін, құқық бұзушылық кодын, жазалау шарасын, істің қаралу мәртебесін нақты көре алады.

2. Айыппұлдарды төлеу және жеңілдікпен жабу – қосымшада айыппұлдарды онлайн төлеу мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, кейбір құқық бұзушылықтар бойынша жеңілдікпен (50%) төлеу мерзімі көрсетіледі. Бұл азаматтарға қаржылық жүктемені азайтуға көмектеседі.

3. Істердің қозғалысы туралы хабарламалар әрбір өзгеріс, мысалы, жаңа өндіріс ашылуы, айыппұл салынуы немесе сотқа жіберілуі – пайдаланушыға push-хабарлама ретінде келеді. Бұл пайдаланушының назарынан маңызды процестердің тыс қалмауына жағдай жасайды.

4. Сотқа дейінгі және сот актілерімен танысу – қосымшада әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша қабылданған сот қаулылары, түсіндірулер және шешімдер қолжетімді. Бұл ақпарат іспен танысуға келмей-ақ, өз құқықтарыңызды қорғауға дайындық жасауға мүмкіндік береді.

5. Құқықтық анықтама мен нормативтік база қосымшада Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс пен басқа да заңнамалық актілердің үзінділері, құқықтық кеңестер жинағы бар. Бұл бөлім өз құқықтары мен міндеттерін білгісі келетін азаматтар үшін таптырмас ресурс.

Қоғамға тигізетін пайдасы:

- Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттырады;
- Мемлекеттік органдармен кері байланысты жеңілдетеді;
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтады;
- Заң талаптарының орындалуын бақылауға мүмкіндік береді.

«Qatqor» мобильдік қосымшасы тек ақпараттық құрал ғана емес, азамат пен мемлекет арасындағы сенімді байланыстың заманауи формасы. Әкімшілік өндірістер бойынша ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы бұл қосымша еліміздегі құқықтық мәдениетті арттыруға елеулі үлес қосуда.

А.ЕРМЕКБАЙ,

Бас прокуратураның

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті бөлімінің прокуроры.
#Заң_мен_Тәртіп

ӨТТІҢ, ДҮНИЕ



ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ ЖАНЫМЫЗДА МӘҢГІ САҚТАЛАДЫ

Алматы қаласының «АСМЕД» және «Азия Мед» медицина орталығының негізін қалаушы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, «Алтын дәрігер» иегері, Алматы қалалық мәслихаты екінші шақырылымының депутаты, КСРО және Қазақстан Республикасының «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Құрмет» және «Шапағат» ордендерінің иегері, ШҚО, Марқакөл, Күршім аудандарының «Құрметті азаматы», бизнесмен Жақсыбай Бидахметұлы Бижигитов 77 жасына қараған шағында дүниеден озды.

Жақсыбай Бидахметұлы Бижигитов – саналы өмірін медицина саласын өркендетуге, халыққа сапалы қызмет жасауға арнады. Денсаулық сақтау реформасын енгізуге белсенді атсалысты. Сонымен қатар, медицина университетінің студенттеріне өнегелі білім беріп, жоғары санаттағы дәрігерлерді дайындады.

Өзінің еңбек жолын 1976 жылы Марқакөл аудандық емханасының терапевт-кардиолог дәрігерлігінен бастап, 1977 жылы Марқакөл ауданының бас дәрігерінің орынбасарлық жұмысына ауыстырылды. 1982 жылы ШҚО, Марқакөл Орталық аудандық ауруханасының бас дәрігері қызметіне тағайындалды. 1989 жылы Байқоңыр ғарыш аймағының Ленинск қаласының бас дәрігері қызметіне тағайындалды. 1995 жылдан бастап, зейнеткерлікке шыққанша, Алматыдағы №8 қалалық емхананың және Алмалы ауданының бас дәрігері болып жұмыс істеді.

№8 қалалық емхананың басшылық қызметін атқарған кезеңде, мол тәжірибе мен ұйымдастыру қабілетінің арқасында, аталған емхана Алматы қаласының денсаулық сақтау ұйымдарының ортасында әрқашан үздіктер қатарынан көрінді.

Зейнет жасына шыққаннан бастап, Алматы қаласында өзі негізін қалаған «АСМЕД» және «Азия Мед» медицина орталығын басқарды. «Азия Мед» медицина орталығында 100-ден аса қызметтік орындар ашып, 120-ға жуық қызметкерлерді жұмыспен қамтамасыз етті. Әр қызметкерге өзінің әкелік, ағалық мейірімін, ақылын аямай, әрқайсысының отбасылық жағдайларын ескеріп, материалдық және моральдық көмегін аямады. «Азия Мед» медицина ұжымының әр қызметкері қаралы хабарға қабырғасы қайысып, артында қалған жары – Бижигитова Гүлбаршын Уарбекқызына, балалары Бижигитова Раушан Жақсыбайқызына, Бижигитов Шыңғыс Жақсыбайұлына қайғырып көңіл айтамыз. Көшбасшымыздың жарқын бейнесі жанымызда мәңгі сақталады.

Абзал әке, қадірлі ата, аяулы жар, қамқор басшы, адал әріптес, ҚОШ БОЛЫҢЫЗ!

Алматы қаласы мәслихатының депутаттары VIII сайланымдағы Алматы қаласы мәслихатының депутаты Руслан Рашитович Идрисовке әкесі

Рашит Шарифзамович ИДРИСОВТІҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Нұрлан СҮЙІН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ17ВРУ00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

МӘДЕНИЕТ

ӘЛЕМДІК ЖҰЛДЫЗ

Дженнифер Лопес Алматыда өнер көрсетті

Алматы қаласында әлемдік жұлдыз Дженнифер Лопес өзінің жеке концертімен тыңдарманын қуантты. Концерт мегаполистің басты мәдени ареналарының бірінде – Орталық стадионда өтті. Іс-шараға қатысқан 20 мыңнан астам жанкүйердің арасында қазақстандықтардан бөлек, әлемнің 35-ке жуық елінен келген 8 мың турист қатысты.



Дана
САДЫРҚАН

Концерт билеті толықтай сатылып кеткен. Негізгі қызығушылық ТМД, Еуропа, АҚШ, БАӘ, сондай-ақ, Канада, Түркия, Жапония, Қытай және Оңтүстік Кореядан байқалды. Бұл іс-шараның халықаралық маңызын айқындап, Алматының аймақтың жаңа мәдени астанасы ретіндегі мәртебесін күшейтті.

Орталық стадион аумағында санитарлық жағдайларға сай ерекше назар аударылған. Мәселен, іс-шара алдында «Таза Қазақстан» акциясы аясында аумақ тазартылып, қоқыс жәшіктері мен арнайы қалдық жинайтын орындар көбейтілді. Іс-шара барысында да еріктілер тазалықты қадағалап, қонақтарға қажет болған жағдайда бағыт-бағдар берді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, көрермен мәдениеті Алматының халықаралық имиджін көрсетеді. «Әлемдік жұлдыздың концертіне келген әр адам өзінің тәртібімен және қоршаған ортаға деген жауапкершілігімен ерекшеленуі керек», – деді олар.

Алматы тұрғындары мен қала қонақтарын арлы-берлі өткен көше әртістері мен көңілді маскоттар қарсы алып, мерекенің алғашқы шуағын шашты. Қала қызметкерлері мен еріктілер тәртіп пен тазалықты қатаң қадағалап, қоқыстың жиналуына жол бермеді.

Дженнифер Лопестің Алматыдағы концерті – Up All Night әлемдік тур-несінің бір бөлігі ретінде қазақстандық жанкүйерлердің сұрауы бойынша қосылды. Шоу Алматының әлемдік музыка индустриясының жаңа орталығы ретінде мәртебесін нығайта отырып, мәдени белеске айналдырғаны анық. Айтулы іс-шара ел экономикасына 5 млрд. теңге әкелмек. Бұл туралы Astana Concert компаниясының продюсері Мәлік Хасенов айтқан еді.

Көрерменнің үштен бірі – туристер

Туристер арасында Қырғызстан,



АҚШ, БАӘ, Германия, Түркия, Ұлыбритания, Франция, Латвия, Испания, Беларусь, Грузия, Әзербайжан және Ауғанстаннан келген жанкүйерлер болды. Сонымен қатар, Канада, Швейцария, Қытай, Польша, Сауд Арабиясы, Мексика, Катар, Финляндия, Швеция, Дания, Литва, Румыния, Чехия, Украина, Сингапур, Нидерланд, Эстония, Замбия, Тайланд және т.б. көптеген елден қонақтар келді. Шетелдік туристер Алматыда орта есеппен 3–5 күндей болады және осы уақыт ішінде 1500 долларға дейін жұмсайды. Бұл қаражат қонақүйлерге, мейрамханаларға, көлік қызметіне, экскурсияларға, саудаға және басқа да қызметтерге кетеді. Мұндай іс-шаралар әлемнің түкпір-түкпіріндегі жанкүйерлерді біріктіріп қана қоймай, отандық туризмнің дамуына серпін беріп, Алматының жетекші мәдени және гастрономиялық астана ретіндегі имиджін нығайтады. Сондай-ақ, қаланың негізгі экономикалық салаларындағы іскерлік белсенділікті арттырады.

Келген қонақтардың бірі – Мәскеуден арнайы ұшып келген Яна: «Бұл концертке қатысу мен үшін үлкен қуаныш. Сіздердің қалаларыңыз тамаша, көрікті орындар, тау, керемет асхана. Мұнда бәрі ұнады, бұл кеш менің есімде ұзақ сақталады», – дейді күлімдеп.

«Мен Джей Лоның концерті үшін арнайы Бішкек қаласынан келдім. Біз – жанкүйерлер, естен кетпес ерекше концертті күтеміз. Алматы – сондай қонақжай қала», – деді Айдай Сабудин.

Ал қала тұрғыны Нұргүл Тастанбекова бұл концертті ұзақ күткенін айтты. «Дженнифер Лопестің Алматыға келетінін тағатсыздана күттім. Біздің қалада концерт беретінін білгенде, қатты барғым келді. Бүгін Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы аталып өтіп жатыр. Меніңше, ұлы ақынымыздың жолы үлкен болғандықтан, әлемдік әншінің концерті басқа күнге жоспарланғаны дұрыс еді, – деді.

Петропавл қаласынан арнайы келген Надежда Седнева өзінің әншіге деген ерекше сыйлығын – Джей Лоның авторлық техникамен бейнеленген портретін ала келіпті. «Осы туындымды өзіне табыс еткім келеді. Мұндай мүмкіндік туады деп сенемін. Бұл мен үшін жәй ғана сыйлық емес, оның өнеріне деген шексіз құрмет пен сүйіспеншіліктің белгісі», – деді. Надежданың бұл оқиғасы Алматыдағы мерекелік көңіл күй мен шаттықты, музыкаға деген ыстық ықыласты еселеп тұрған сан алуан әсерлі сәттің бірі ғана.

Аншлаг, шат көңілді көрермен және мінсіз ұйымдастырылған концерт

Көрермендерді концертке кіргізу сағат 15.00-де басталды. Аренаға үш кіреберіс арқылы – Абай даңғылы, Сәтбаев және Байтұрсынов көшелері жағынан кіруге мүмкіндік берілді. Әсіресе,

Сәтбаев көшесі жағында адам нөпірі көбейген сәтте кішігірім топтасу байқалды. Ұйымдастырушылар, жеке күзет, еріктілер мен полиция қызметкерлері көрермен ағынын реттеп, тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етті. Барлық қонақ өз орнына дер кезінде жайғасып, концерт уақытылы басталды. Концертте әншінің әйгілі хит әндері – «On the Floor», «Ain't It Funny», «Let's Get Loud», сондай-ақ өзге де жаңа композициялары шырқалды. Шоу хореография мен сахналық қойылымдармен ерекшеленді. Аталмыш концерт – тек музыкалық шоу ғана емес, мәдени қарым-қатынастың жарқын мысалы. Лопес Алматыға келмес бұрын өзінің әлеуметтік желілерінде қазақ мәдениетіне қызығушылық танытқанын, жергілікті тағамдар мен қазақ дәстүрі туралы тереңінен білгісі келетінін жазған еді.

Дәрігерлер көрерменнің жағдайын қадағалады

Алматыда өткен Дженнифер Лопес концерті аумағында жедел жәрдем бригадалары кезекшілікте тұрып, көрерменге жан-жақты қолдау көрсетті. Дәрігерлер алаңды аралап, кез келген жағдайға қызмет көрсетуге дайындалыпты. Жедел жәрдем көліктері кіреберіс пен шығаберіс маңында орналасып, ал медицина қызметкерлері ұйымдастырушылармен және қауіпсіздік қызметімен тұрақты байланыста болды.

Еріктілер мен жастар «Taza Qazaqstan» акциясы аясында Орталық стадионды тазалады

Концерт аяқталысымен стадионға және оған іргелес аумаққа ондаған ерікті мен жастар ұйымдарының өкілдері шықты. Қолғап киіп, қоқыс қаптарын арқалаған олар трибуналар мен өткелдерді, сондай-ақ, айналадағы аумақты тез арада тазартып, стадион мен қала бастапқыдай таза болды. Тазалау сәтінің өзі де концерт секілді көңілді өтті, күлкі, қалжың және ортақ іске үлес қосқан қуаныш лебі сезіліп тұрды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай жұмыс – бұқаралық мәдени іс-шараларды өткізудің мәдениетіне айналған маңызды бөлік әрі Алматының республикалық экологиялық «Taza Qazaqstan» акциясына қосқан үлесі.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 627,7 теңге

\$ USD/KZT 539,49 теңге

₽ RUB/KZT 6,75 теңге

¥ CNY/KZT 75,1 теңге